



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Сараптама жасалса, ақиқат анықталар еді



«Көмектесіңдер! Қызымның темір торға түскеніне қарсымын!» деп шырылдаған ана редакциядан көмек сұраған еді. Журналистер қолдауын күткен ананың қызы – Қызылорда облысының тұрғыны, «Q-MED Company GROUP» ЖШС-нің қаржылық директоры әрі ресми қатысушысы Диана Вадимовна Юн. Бұл азаматшаның үстінен қазіргі кезде қылмыстық іс қозғалған.

Әлқиса, редакциямызға хат түскеннен кейін тілшіміз Қызылордаға арнайы барып, арыз иесімен тілдесіп, құжаттарымен танысып қайтқан еді. Белгілі болғандай бұл шилеленістің тарихы 2023 жылдан басталған. Осы жылы Диана Юнға қатысты Қылмыстық

кодекстің 189-бабы 3-бөлігінің 1-тармағы бойынша іс қозғалған. Яғни, азаматшаға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ірі мөлшерде иемденіп алды, талан-таражға салды деп күдік келтіріліп отыр. Дианың анасы – Жани Кимнің айтуынша, істі қозғауға «Q-MED Company GROUP» ЖШС директорының міндетін атқарушы Р.Базарбайдың өтініші себеп болған. Бұл кісі компанияда 55 пайыздық үлесі бар екінші кәсіпкер Б.Әшімханнаның анасы екенін де айта кеткен орынды.

Сонымен... «Сана-сезім орталығы» психологиялық көмек және психокоррекция клиникасының негізін қалаушы Р.Базарбайдың Диана Юнмен таныстығы 2019 жылы басталады. Р.Базарбайдың өзі Қызылорда облысында өте танымал тұлға, ол кезде «Сана-сезім орталығы» мен «Q-MED

Company GROUP» ЖШС-на иелік еткен. Десек те, сол тұста бірінші компания екінші құрылтайшының алдында міндеттемесінің болғанына қарамастан, қалыпты жұмысын жасаса, екіншісі толық жабылудың немерсе қайта жандандырудың алдында тұрған еді. Жани Кимнің айтуынша, «Сана-сезім орталығы» ЖШС-нің ол кезде жеке меншік ғимараты болмаған, екінші құрылтайшының сотқа берген талап-арызына орай шоттары бұғатталған.

Осы кезде Р.Базарбай мен Д.Юн жақынырақ танысып, жақсы қатынаста болады. Дианың анасының айтуынша, Р.Базарбай сол тұста қызынан бірнеше рет қаржылық көмек сұраған. Ал Диана әрқашан сұраған ақшасын беріп тұрған.

(Жалғасы 3-бетте)

«ҚЫЛМЫСТЫҢ АЗАЮЫ – ПОЛИЦИЯ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ОРТАҚ ЖЕҢІСІ»

Ақмола облысында қылмыстың алдын алу, құқық бұзушылықпен күрес және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Статистикаға сүйенсек, соңғы бір жыл ішінде жалпы қылмыс деңгейі 24,3 пайызға төмендеп, интернет-алаяқтықпен күресте айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілді. Заманауи бейнебақылау жүйелері мен цифрлық платформалар енгізіліп, қылмыскерлерді әшкерелеу жұмысы барынша жандана бастаған.

Жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз мектеп», «Жас Отан», «Сенім» сияқты іргелі жобалардың іске асырылуы осының нақты айғағы. Сондай-ақ қоғам белсенділері, еріктілер мен ауыл ақсақалдары да қоғамдық қауіпсіздікті нығайту ісіне өз үлесін қосып отыр. Қайталама қылмыстарды азайту үшін бұрынғы сотталғандарға әлеуметтік бейімдеу, кәсіби оқыту және электронды бақылау құралдары қолданылады. Өңірдегі қылмыс пен қоғам қауіпсіздігі жайлы толығырақ білу мақсатында Ақмола облысы полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ержан Қошқарбаевты әңгімеге тартқан едік.

– Соңғы жылдары Ақмола өңіріндегі қылмыстық ахуалға қатысты халық арасында түрлі пікір бар. Ал нақты статистика не дейді?

– Дұрыс айтасыз, халықтың қауіпсіздікке қатысты пікірі іс жүзінде біздің жұмысымыздың басты бағасы. Ал ресми деректерге сүйенсек, биыл облыс аумағында 2103 қылмыс тіркелді. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 24,3 пайызға төмен көрсеткіш. Ең бастысы, ұрлық-қарлық сынды тұрмыстық қылмыстардың азайғаны қуантады.

(Жалғасы 5-бетте)

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

«Қарамола» ережесі – алғаш баспа жүзін көрген құқықтық құжат

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев саяси және құқықтық ілім тарихы бойынша арнайы еңбек жазбағанымен, өлеңдері мен қара сөздеріне өзі өмір сүрген дәуірдің тыныс-тіршілігін, қоғамдық өмірін, халықтың мұң-мұқтажы мен басқару орындарының жұмысын арқау етті. Сол кездегі қазақ даласында болып жатқан саяси өмірге де, билік ісіне де араласты. Оқыған-тоқығаны көп, орыстың ғана емес, Еуропа әдебиетінен де нәр алған Абайды қазақ халқы би деп те таныды. Абай жай ғана би болған жоқ, әділ би болды.

Абайдың билік өнері қазақтың әдет-ғұрып құқығымен де, патша өкіметі енгізген сот билігімен де ұштасып жатты. Қазақ даласының дәстүрі мен заңын жетік білген Абай орыс империясы енгізген заң нормаларын шебер пайдалана білді. Билер шешімі Абай үшін тек қана басқару мен сот жүйесі емес, сонымен қатар халықтың дәстүрі мен танымынан

нәр алған билік нормасы болды.

1885 жылы Павлодар, Қарқаралы, Өскемен, Семей облысы, Зайсан приставтығы билерінің съезінде Абайдың қатысуымен ереже қабылданды. Съезд Семейден 70 шақырым жердегі Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде өткендіктен, осы съезде қабылданған ереже «Қарамола ережесі» деген атқа ие

болды. Бұл ереже қазақ жұртының арасында алғаш баспа жүзін көрген праволық құжат болып табылады.

Семей облысының әскери губернаторы Цеклинскийдің ұсынысы бойынша съезге қатысқан 100-ден астам би Семей уезі Шыңғыс болысының өкілі ретінде келген Абай Құнанбаевты осы төтенше съездің төрағасы – төбе биі етіп сайлады.

Жетпіс төрт баптан тұратын бұл ережеде патша өкіметі енгізген нормалар ескеріле отырып, қазақ әдет-ғұрып құқығының негізгі салалары да мүмкіндігінше толығырақ қамтылды. «Қарамола ережесіне» құн дауы, жеңіл дауы, мал дауы, мүлік дауы, әмеңгерлік, мұрагерлік, дауларды шешу, үкім шығару және сот ісін жүргізу тәртібінің ережелері енгізілді.

Ереже қазақ тілінде жазылып, орыс тіліне аударылған. Араб әрпімен басылып 1886 жылы Қазан университетінің баспаханасында жарық көрген кітапша түрінде нұсқасы және іске тіркелген орысша қолжазбасы Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағат қорында сақтаулы. Ереже

қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарын, патриархалдық-феодалдық қатынастарды негізге ала отырып, Ресей империясы заңдарының кейбір прогресшіл қағидаларымен ұштастырыла жасалған. Ол – правоның материалдық және процессуалдық нормасының жиынтығы, әрі аға билердің дау-жанжалды шешуде басшылыққа алатын құралы болып табылады. Ереже халықтың ғасырлар бойы әділдік пен тәртіп орнату тұрғысында қолданып келген дәстүрлі билік жоралғыларының нақты заң қағидаларына ұласып, тұжырымдалған алғашқы үлгісі болды.

(Жалғасы 4-бетте)

2-бет



Конституциялық Сотқа жүгінушілер көп

6-бет



Туризм татулық пен бірлікке бастайды

8-бет



Құқықтық санасы биік ел ғана «Қауіпсіз қоғам» құра алады

БАҒДАР

САРАП

Конституциялық Сотқа жүгінушілер көп

Конституциялық Сот – еліміздегі ең жоғарғы конституциялық бақылау органы. Бұл құзырлы органға Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етіп, заңдардың, нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарау міндеттелген. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бері тәжірибеге енгізілген Конституциялық Сот «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» заңын басшылыққа ала отырып жұмысын істеп келеді.

Бұл мәртебелі құрылымның тұрғындарына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен

дерекке сәйкес 2024 жылы ел тұрғындарынан 3,7 мың өтініш түскен екен. Азаматтардың көпшілігі заңның немесе өзге де

парменіне сенетіндердің көптігін көрсетеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезінен жұмысын бастаған бұл демократиялық құрылым 1995 жылы қабылданған Конституцияға сәйкес Конституциялық кеңес ретінде жұмысын бастағаны тарихтан белгілі. Конституциялық Соттың қайта қалпына келтірілуі әділетті Қазақстанның құқықтық саласына қан жүгірткені аян. Екі жылдан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан Конституциялық Сотта төрағасы мен орынбасарын қосқанда он бір судья үлкен ізденіспен жұмыс жасауда. Олардың жұмыс өкілеттігі сегіз жылды құрайды. Бұл мерзім білікті, кәсіби шеберлігі жоғары заңгерлердің Конституциялық Соттың судьясы ретінде тындырымды қызмет, нәтижелі көрсеткішке жетуіне жеткілікті екені даусыз.

Конституциялық Сот әрбір шешімді ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысушы судьялардың көпшілік дауысымен қабылдайды. Бұл да әрбір шағымның жан-жақты, терең тексеріліп, ол бойынша жасалатын қорытындының көпшілік сүзгісінен өткеннен кейін ғана қабылданатынын айғақтайды.

Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен қорытындылары қабылданған күнінен бастап күшіне енеді. Әрі республика аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады. Бұл құрылымның құжаттарына шағым жасалмайтынын да ұмытпау керек. Міне, осындай міндеттер мен межелер белгілеген Конституциялық Соттың алдағы уақытта да елдегі заңдылықтың алтын тұғыры боларына сеніміміз мол.

Айнагүл УСЕРБАЕВА,
Маңғыстау облысы
Бейнеу аудандық сотының
судьясы



жаңғыру жолы» атты жолдауындағы тапсырмасы бағдар болған еді. Осы стратегиялық құжатта Президент: «Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын» деген болатын. Осы тапсырмадан кейін Конституциялық Соттың қазақстандық моделін жасау бойынша ауқымды ізденістер қолға алынды.

нормативтік құқықтық актінің не олардың жекелеген ережелерінің Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы өтінішпен жүгінген. Мұндай мәселемен сауал жолдағандың үлесі 25,2%-ды құрап отыр. Сондай-ақ сот актілерімен келіспеу туралы шағым жазғандардың үлесі 18,7% жеткен. Ал қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс білдіргендер 14%-ды құраса, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымданған 83 өтініш сараптамаға ұсынылған. Бұдан бөлек, заңнама нормаларын түсіндіру туралы өтінішпен 81 адам жүгінгені белгілі болып отыр. Осы шағымдардың өзі Конституциялық Соттың құзыретіне,

Конституциялық Сот ұсынған

БЕЗБЕН

Шешімді түсіндірудің маңызы зор

Қай кезде де сотқа жүктелер жауаптылық төмен болмаған. Өйткені сот елдегі әділдік пен тура төреліктің өлшемі, азаматтардың болашаққа деген сенімінің негізі. Осындай ауқымды міндет атқарғандықтан, сот саласын дамытуға, жандандыруға қатысты реформалар бір сәт те тоқтаған емес. Сот шешімдерін түсіндіруге байланысты бастаманың қолға алынуы да осы үздіксіз жүргізілген реформалардың жемісі.

Әсіресе, соттарда тұрақты жүргізілетін сауалнамалардың көмегі көп. Мұндай сауалнамалар сот саласындағы жетістіктер мен кемшіліктерді сараптап, ізденістер мен ірікілістерді бағалауға, азаматтардың пікір-лебізін құлақ түріп, ашық диалог орнатуға көмектеседі. Сот шешімдерін түсіндіру де – тараптардың талабы. Себебі, соттағы шешімнің түсініксіз болуы судьяның да, сот саласының да жұмысын жоққа шығарып қоймай, халықтың төрелікке деген сенімін азайтады.

Сот шешімі – судья жұмысының ең түпкі нәтижесі. Шешім шығарғанға дейін судья істің ақ-қарасын анықтап, тараптарды теңдей сөйләтіп, дәлелдер мен куәгерлер сөзін пайымдап, заңнамаларды електен өткізіп өз түйінін жасайды. Әрине, шешімге екі тараптың бірдей риза болатын кезі сирек. Дегенмен, сот өз шешімінің заңдылығын, негізділігін түсіндіріп, салдары туралы сауатты уәж айтса, сөзге тоқтамайтын, өзінің қателігін түсінбейтін адам аз. «Жақсы сөз жараны да жазады», «Жол қуған кәдеге



жолығады, сөз қуған бәлеге жолығады», «Ауыр істің салмағы білекке түсер. Ащы сөздің салмағы жүрекке түсер» дегенді де дана бабаларымыз өмір көргеннен айтса керек.

Сот шешімін түсіндірудің маңызы зор, пайдасы орасан. Біріншіден, шешімді күрделі заң терминдерімен түсіндіргеннен, қарапайым, ұғынықты етіп жеткізу – азаматтардың шешімнің түпкі мақсатын білуіне көмектеседі. Екіншіден, сот жұмысын қорытындылайтын бұл құжат халықтың құқықтық білімін көтеруге, заңдарды түсінуге сеп болады. Үшіншіден, сот шешімін түсіндіру судья мен тараптар арасын жақындататын, екіжақты диалогты жолға қоятын тетіктің бірі. Әрі ең негізгісі өзінің шешімін түсіндіру арқылы судьялардың әр сөзді дұрыс қолданып, әр қадамын сауатты жеткізуге қатысты кәсіби дағдысы қалыптасады. Осы арқылы судьялар тіл байлығын дамытуға, сөздік қорын молайтуға ұмтылады. Заңның тілінде ғана емес, қарапайым азаматтардың тілінде сөйлеуге үйренеді.

Сот шешімін түсіндіру бойынша ілкімді жоба 2018 жылдың 15 қаңтарынан басталғаны белгілі. Міне, содан бері бұл бағытта нақты тәжірибе қалыптасты. «Сот шешімі» туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысы толықтырылып, «Жарияланғаннан кейін судья қабылданған шешімнің мәнін, уәждері мен құқықтық салдарларын ауызыша түсіндіреді, ол туралы сот отырысының хаттамасында белгі жасалады» деген өзгеріс енгізілді. Осы құжатты басшылыққа алған судьялар өзінің шығарған сот шешімін, үкімін, қаулысын жариялап қана қоймай, азаматтарға жан-жақты түсіндіріп келеді. Сондай-ақ азаматтар тарапынан туындаған сұрақтарға жан-жақты, тыңғылықты жауап беруді де судьялар жақсы дәстүрге айналдырған. Жалпы сот шешімін түсіндірген кезде тараптарға сұрақ қоюға мүмкіндік берген дұрыс. Сот алаңында жауабы жоқ сұрақ қалмағаны орынды. Қабылданған шешімнің мәнін, мағынасын, салдарын, заңды күшін, орындау міндеттілігін, әр істің санаттылығына байланысты нақты түсіндіргенде тараптардың сотқа, судьяға да реніші болмайды.

Нұрсұлтан ӨМІРБАЙ,
Түркістан облысы көмелетке
толмағандардың істері
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

Елдегі әділдік пен тәртіптің тірегі болғандықтан соттағы барлық жұмыс талапқа сай, судьялардың барлық әрекеті заңға негізделе отырып атқарылуы тиіс. Соның ішінде азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидаттары Азаматтық процесстік кодексте жан-жақты қарастырылған.

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

Осы құжатта көрсетілгендей азаматтық сот ісін жүргізудегі негізгі міндет – тараптардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауға, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқығын қалпына келтіруге бағытталған. Сондай-ақ, дауларды әділ, бейтарап шешуді көздеп отырып азаматтық істердегі заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз ету де басты міндет саналады.

Азаматтық сот ісін жүргізудегі қағидаттар да қарапайым, көпшілікке түсінікті. Мұндағы басымдық соттың заңдылығы мен тәуелсіздігіне негізделген. Тараптарды тең ұстау – басты қағидат. Әділдік алаңындағы теңгерімнің сақталмауы, қос тарапқа бірдей құқық пен мүмкіндіктің берілмеуі сот саласына ғана емес, мемлекеттің беделіне көлеңке түсіреді. Сондықтан, әрбір судья азаматтық сот ісін қарағанда таразы басын тең ұстап, алалаудан, тараптардың біріне басымдық беруден алыс болғаны абзал.

Азаматтық сот ісін жүргізудегі ашықтық пен жариялылық – бүгінгі қоғам қажет етіп отырған жаңашылдықтың бірі. Бұл бағытта бүгінде батыл қадамдардың жасалып жатқанынан жұртшылық жақсы хабардар. Ерекше жағдайларды қоспағанда сот отырыстарының ашық өтуіне азаматтардың көзі үйренген. Тіпті соңғы уақытта сот процесстерінің жариялық түрде, тікелей желіде өтуі саламыздың жаңа технология жетістіктерін еркін меңгергенін, ашықтық пен жариялық қағидатын қатаң ұстайтынын көрсетеді.

Дауларды бейбіт жолмен реттеудегі, тараптардың татуласуына мүмкіндік берудегі бастамалардың да жемісін беріп келе жатқанына көпшілік куә. Азаматтық сот ісін жүргізудегі құлқарып, дауларды бейбіт келісіммен шешуге, азаматтардың уақыты мен қаржысын

үнемдеп, ел ішіндегі ынтымақ пен татулықты сақтауға бағытталған. Осы мақсатта соттар тарапынан көптеген игілікті бастамалар қолға алынды. «Медиация туралы» заңның қабылданып, тараптарды татуластыру бойынша Азаматтық процесстік кодекске толықтырулардың енгізілуіне қатысты іргелі істердің артында сот құрылымы тұр.

Азаматтық сот ісін жүргізудегі істерді созбалаңға салмай, тиімді әрі жедел қарауға жіті көңіл бөлінеді. Бұл қағидатты сақтаудың тетіктері де Азаматтық процесстік кодексте нақты дәйектелген. Бүгінгідей уақыттың бағасы артқан заманда мұндай талаптардың іс жүзінде ескерілгені, қатаң сақталғаны тараптар үшін өте пайдалы.

Әрине, сот ісін жүргізудегі міндеттер мен қағидаттардың сақталуы әрдайым назарда. Десек те, бұл салада бірқатар мәселелер мен қиындықтардың барын жоққа шығаруға болмайды. Олар құқық қолдану тәжірибесіне, заңнаманың жетілдірілуіне және тараптардың құқықтық мәдениетіне байланысты туындап отыр. Мәселен сот шешімдерінің дер кезінде орындалмауы шешімін күтіп отырған проблеманың бірі. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігі, талап қою тәртібін, дәлелдемелер ұсыну тәртібін білмеуі де азаматтық сот ісін ұйымдастыруда аз кедергі келтірмейді. Бұдан бөлек, жалпыға бірдей заң кемегіне қолжетімділікті қамтамасыз ету, медиация мен партисипативтік рәсімдердің кең көлемде қолданылуына жол ашу механизмдерін әлі де пысықтай түскен дұрыс. Осындай мәселелер ескерілсе, азаматтық сот ісін жүргізуде кемшіліктердің орын алмасы анық.

Дәурен ЕРАЛИЕВ,
Қызылорда облысы
Сырдария аудандық сотының
судьясы

МЕЖЕ

Бір мемлекетте өмір сүріп, қызмет етіп жүргендіктен, баршамыз үшін жер мен ел – ортақ, бәріміз үшін заң мен тәртіп – бір. Соған орай еліміздегі тыныштық пен қауіпсіздікке әрбір азамат жауапты. Осыны басшылыққа ала отырып құқықтық, зайырлы мемлекетте тұратын кез келген азамат өзінің ғана құқығының сақталуын қамтамасыз етіп қоймай, өзгенің де шекарасынан өтпеуге, құқығы мен бостандығына қол салмауға тиіс. Өкінішке қарай, біздің арамызда қоғамдық тәртіпке бас имейтін, айналасына құрмет танытпайтын азаматтар аз емес.

Айналаңа құрметпен қарау – парыз

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 25-тарауында қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық белгіленген. Осы тараудағы 434-бап ұсақ бұзақылық жасаудың тәртібі мен жазасын айқындайды. Кодексте көрсетілгендей, қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға зәбірлеп тиісу және айналасындағыларға құрметпен қарамау, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын әрекеттер ұсақ бұзақылық деп танылады.

Азаматтардың қоғамға, өзі өмір сүріп отырған ортаға деген құрметін қалыптастыру үшін құзырлы органдар тарапынан көптеген түсіндіру жұмыстары мен ақпараттық-насихатқа арналған шаралар жүргізілуде. Алайда, тек насихатпен жалпы жұртшылықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға болмайтынын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Соған орай 2025 жылғы 10 қаңтарда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте өзгерістер мен толықтырулар ен-

гізу туралы» заң қабылданып, заңнама қоғамдық жұмыстар институтын енгізуді көздейтін 49-1, 49-2 және 914-1-баптармен толықтырылған болатын. Бұл нормалар 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді.

Осы жаңашылдыққа орай ӘҚБТК-нің 434-бабы бойынша ұсақ бұзақылыққа қатысты санкция күшейтілген. 434-баптың 1-тармағы бойынша ұсақ бұзақылық жасағандар бұрынғыдай 20 АЕК (1 АЕК – 3 932 теңге, барлығы 78 640 теңге) мөлшерінде айыппұл төлеп не 5-тен 15 тәулікке дейін әкімшілік қамқақ алынуы не 20-дан 60 сағатқа дейін міндетті қоғамдық жұмыстарға тартылуы мүмкін. Бұзақылық әрекеттер үшін белгіленетін жазаға қоғамдық жұмысқа тарту тетігінің қосылуы халықтың әр қадамына жауаптылықпен қарап, ортақ тәртіпке бағынуына ықпал етсе құба-құлп.

ШОЛПАН ЕСБЕРГЕНОВА,
Алматы қаласы әкімшілік
құқық бұзушылық жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Сараптама жасалса, ақиқат анықталар еді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Күтпеген қолдау

Жани Кимнің айтуынша, бір күні қызы Р.Базарбайдың фейбуктегі парақшасына медициналық клиникасын сататыны туралы жазбаны көріп қалады. Көп ойланбастан жаңа танысына қоңырау шалған Дианаға Р.Базарбай компаниясын әрі қарай жүргізуге жағдайы жоқтығын айтады. Біраз қаржылық қоры бар Диана Юн танысының сөзін тыңдаған соң кәсіпті сақтап қалуға ұсыныс жасайды. Тек жарғылық капиталдағы 50 пайыз үлесті сатып алып, тең құрылтайшы ретінде жұмыс жасауды сұрайды. Екі тарап келіскен соң ЖШС-ны жандандыруға қатысты жұмыстар басталады.

2019 жылдың 28 тамызында Диана Юн «Сана-сезим орталығы» ЖШС-нің екінші құрылтайшы алдында қаржылық мәселелері болғандықтан, «Q-MED COMPANY GROUP» ЖШС-ның 45 пайыздық үлесін сату-сатып алу келісімшартымен иеленеді. Осы кезде бұл компанияның не өзінің өндірістік базасы, не есепшоты, тіпті медициналық лицензиясы да болмаған. Әрі құрылтайшылар құрамында Р.Базарбайдың өзі емес, қызы – Б.Әшімхан болған. Келісім барысында Д.Юн «Сана-сезим орталығы» ЖШС-ның екінші құрылтайшы алдындағы қарызы өтелгеннен кейін, осы компанияның 50 пайыздық үлесін иеленетін болып уағдалады. Себебі бұл компанияның медициналық лицензиясы, ем-дом құрылғылары бар еді.

Жани Кимнің айтуынша, үш жоғары білімі бар, соның ішінде кризис-менеджер мамандығын меңгерген Диана жаңа кәсібін аяғынан тік тұрғызуға жанын сала кіресі. Клиниканың жаңа корпусын ашуға қаржы салады. Осылайша несиеге қатысты берешектің бір бөлігі жабылады. 2019 жылғы 28 тамыздағы «Q-MED COMPANY GROUP» ЖШС-ның құрылтайшыларының жиынында жасалған хаттамаға сәйкес компанияның директоры болып Б.Әшімхан бекітіліп, барлық банктік және өзге де құжаттарға бірінші қол қою құқығы беріледі. Ал Диана Юн қаржы директоры лауазымына бекітіліп, оған да барлық банктік және өзге де құжаттарға бірінші қол қою құқығы беріледі. Яғни, екі құрылтайшының да құқығы тең болған.

Осындай жанкешті тірліктің арқасында 2022 жылдың маусымында «Сана-сезим орталығы» ЖШС екінші құрылтайшы алдындағы қарызы мен «Сбербанктағы» несиеден түгел құтылады. Соған орай осы компанияның 45 пайыз үлесі Диана Юнге беріледі. Сөйтіп бір-бірінің тілін тапқан қос әйелдің кәсібі жандана түседі. Инфаркт, инсульт алған сырқат адамдарды сауықтыруға арналған медициналық орталыққа сұраныс өте жоғары еді. Соның арқасында кәсіп ілгерілей береді.

Жани Кимнің айтуынша, 2019 жылдың қыркүйегі мен 2020 жылдың ақпан аралығында Д.Юн «Q-MED COMPANY GROUP» ЖШС-сын уақытша қолдау үшін жеке қаржысынан 20 млн теңге (11 250 000 теңге компанияның шотына түскен, 8 750 000 теңгені қолма-қол қассаға) береді. Ал «Сана-сезим орталығы» ЖШС-ның шоттары ашылып, компания еш кедергісіз жұмыс істейді. Осыдан кейін капиталындағы қалған 18 млн теңгесін Д.Юн Р.Базарбайдың келісімімен екінші медициналық клиниканы ашу үшін салады. Компанияның қаржылық жағдайы қалыпқа келген соң Диана Юн 2020 жылдың тамызында уақытша берген 20 млн теңгесін өзіне қайтарып алады. Бірақ келесі жылы 2021 жылдың желтоқсаны мен 2022 жылдың қарашасы аралығында «Q-MED COMPANY GROUP» ЖШС-ның шотына уақытша қаржылық қолдау ретінде тағы 29 422 000 теңге салады.

Жани Кимнің айтуынша, қызының уақытша қаржылық көмек ретінде 2019 жылдың қыркүйегінен 2022 жылдың қарашасына дейін жұмсаған қаржысы 49 422 000 теңгені құрағанымен, оның тек 23 000 000 теңгесі ғана қайтқан. Яғни, «Q-MED COMPANY GROUP» ЖШС-ның 2022 жылдың желтоқсан айына дейін Д.Юн алдындағы берешегі 26 422 000 теңге. Осы ретте Д.Юн мен Р.Базарбай екіжақты сенімгерлік бойынша кәсіп жүргізгендіктен, бірқатар пайда да түсе бастағаны белгілі. Содан болар ол тұста екі әйел арасында салынған қаржыға байланысты ешқандай талас туындамаған. Барлығы өзара келісім, сыйластықпен шешіліп келген.

2019 жылы «Сана-сезим орталығы» ЖШС ОСМС-пен жұмысты жолға қойып, соның арқасында жобалар табысты әрі өңірде танымал болды. Сәйкесінше қаржы да көп мөлшерде түсті. 2020 жылы мамырда «Q-MED COMPANY GROUP», өзінің жеке медициналық лицензиясының жоқтығына қарамастан, COVID-19 бойынша экспресс-тест жүргізу жұмысына кіріседі. Осы тұста халық арасында сұраныс жоғары болғандықтан 2020-2022 жылдардағы компанияның жылдық табысы 840 млн теңгеге жеткен. Табыс еселенген соң бизнес-серіктестер емдеу орталығының үшінші корпусын – емхананы ашу туралы шешім қабылдайды.

Жобаны толыққанды іске қосу үшін менің қызым қайтадан қолындағы бар ақшасы мен қарызға ақша алып салады. Сондай-ақ Р.Базарбайдың келісімімен оның тұрғын үйін кепілге қойып банктен 6 пайыз үстемемен несие рәсімдеп, қаржыны кәсіпті дамытуға салған, – дейді Дианың анасы.

Қақтығыс неден басталды?

Пандемия басылған соң, компанияның табысы да ақырындап төмендей бастады. Әрине, «Сана-сезим орталығы» ЖШС-ның ОСМС-пен келісімі болғанымен, одан түсетін ақша тек медицина қызметкерлерінің еңбекақысын төлеп, ғимаратты жалға алу ақысына ғана жететін. ОСМС-тың ғана қолдауымен күн кешуге болмайтын айтқан Р.Базарбай емхана ашып, алдыңғы екі клиниканың базасын пайдалануға болатынын айтады. Бұған Диана Юн да келіседі.

2022 жылы шешім қабылданып, жобалаушы менеджер жобаның құнын есептеп, емханаға 20 мың тұрғын тіркелгенде ғана

болса, Президент 2019 жылы шағын бизнесті үш жыл салықтан босатып, кез келген тексеруге мораторий жариялаған болатын. 2022 жылы алдыңғы үш жылдың салықтық есептері мен компанияның бухгалтериясын тексеріп, қаржылық есепті зерделейтін уақыт келген еді. Осы тұста 2022 жылы Д.Юнді жұмыстан шығарып, 2023 жылдың желтоқсанында Қылмыстық кодекстің 189-бабы 1-бөлім, 1-тармағымен қылмыстық іс қозғалады.

Қызылорда қаласының ПБ тергеу органы Д.Юнға қатысты сотқа дейінгі тергеуді бастайды. Оған «Q-MED COMPANY GROUP» ЖШС директоры Р.Базарбайдың арызы негіз болған. Осы арызда Р.Базарбай компанияның қаржы директоры Юн Диана Вадимовна 01.01.2020 жыл мен 31.12.2022 жыл аралығында өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып, сеніп тапсырылған компанияның ақшалай қаражатын жымқырды, соның нәтижесінде 96 909 988 теңге көлемінде шығын келтірді. Қосымша тексерулер нәтижесінде шығын көлемі 108 млн теңгеге өсті деп көрсеткен. Мұндағы басты айғақ ретінде 2023 жылдың қарашасында Р.Базарбайдың тапсырысымен жүргізілген аудиторлық есеп танылған. Ал оның ЖШС-ның келесі қатысушысы Д.Юнсіз жасалғаны мүлде ескерілмеген.

Тергеудегі тосын жайлар

– Тергеу кезінде үш сот-бухгалтерлік сараптама жүргізілді. Көптеген сараптамалар заң талабына қайшы жасалды. 2024 жылғы шілдедегі алғашқы сараптамада «Жетпейтін сома көлемі

ыптушы тараптың қоюына жол ашып, біз сауалдар қояйық дегенде арызданушының кәмететке толмаған баласының барын алға тартып тергеуді тоқтатудың да себебін түсіне алмай отырмыз. Егер біздің құқығымыз осындай қарапайым нәрселерде бұзылса, істерді қалай объективті жүргізді дегуге болады? – деген Жани Ким дәрменсіз күй танытты.

Осындай шикіліктерге қарамастан, 2025 жылғы 16 маусымда Қызылорда қаласы полиция басқармасының тергеушісі облыстық медициналық орталықтың стационарлық бөлімшесіне жатқан Дианы екі күнге УҰИ-ға жауып, артынан үй қамаққа ауыстырады. Өкініштісі құқық қорғау органдары өкілдерінің ешқайсысы қамауға алынған адамның физикалық жағдайына мән бермеген.

Тұйықталған тергеу

Осыдан кейін сот қаулысымен Диана Юнға екі ай мерзімге ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы тағайындалады. Қаулыға жасалған шағымды Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы өзгеріссіз қалдырады. Дианының анасы Жани Кимнің айтуынша, адвокат құзырлы органға бірнеше рет компьютерлік технология құралдарына сот-сараптамалық зерттеу жүргізу туралы өтініш берген, сараптамаға негіз болған «Q-MED Company GROUP» ЖШС-ның «1С Кәсіпкерлік» бағдарламасын толықтай тексеруді сұраған. Ондағы деректер Диана мен адвокаты жинақтаған дискте бар. Оны тергеу органдары хаттамамен алған болатын.

2024 жылдың желтоқсанында Қызылорда қаласының прокуратурасы Диана Юннің адвокатының шағымын қағанағаттандыру туралы қаулы шығарады. Шағымда соталды тергеу органына айыпталушы тараптың барлық уәждерін тексеріп, сот-бухгалтерлік сараптаманы қайта жасау туралы, сондай-ақ «1С» базасына компьютерлік технологиямен сараптама жасау мәселесін шешу жүктеледі. Кейіннен белгілі болғандай, прокуратураның қаулысына қарамастан, жоғарыдағы сараптамалар жасалмаған, сондай-ақ қаулы мен қажетті материалдар Қызылорда облысы бойынша ССИ-на жолданбаған.

Ең қызығы, Қызылорда облысының тергеу соты жәбірленуші тараптың шағымын Д.Юн мен оның адвокатының қатысуынсыз қарап, тергеушінің компьютерлік технология құралдарын зерделеген үшін сот сараптамасын тағайындау туралы қаулысын заңсыз әрі негізсіз деп тану туралы қаулы шығарады. Одан бөлек, тергеу сотының мұндай қаулы шығарғанын Д.Юн мен оның адвокаты шағым жасауға бір күн қалғанда ғана білген. Осыдан кейін Д.Юннің адвокаты заңсыздықтарды көрсетіп облыстық прокуратураға, Қызылорда облысының полиция департаментіне, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәзілге, «Аманат» партиясына, Мемлекет басшысына, Президент Аппараты хат жолдады. Алайда бұл хаттар айналып келіп заңсыздықты жасаған органға қайтып оралады. Тығырыққа тірелу деген осы ғой. Сонда тергеу органы жоғарғы жақтың тапсырмасын құлағына да ілмейтін болғаны ма?



– Осы аралықта қорғау тарапы тергеу іс-қимылдарын жүргізу туралы 20-дан астам өтінішхат берді. ҚР ҚПК 105, 106-баптары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының іс жүргізу әрекеттеріне шағым жасалды. Бұл өтінішхаттардың бәрі дерлік қанағаттандырылғанымен, тергеу тарапынан орындалып жатқан жоқ. Облыстық прокуратура мен полиция басшыларының қабылдауында болып, айтылған өтініштер де аяқтасы қалды. Тергеу шындықты ашуға сәуле түсіретін сараптаманы жасағысы келмеді. Соның салдарынан қорғау тарапына сараптаманы өз бетінше жасатуға тура келді. Одан бөлек, Диана Юннің компанияның айналымына кеткен қаржыны өз қалтаман салдым деген уәжін де ешкім құлақ аспады, – дейді Жани Ким.

Әрине, мұның бәрі Диана Юн тарапының уәжі. Ал журналистік зерттеу негізді болу үшін екі тараптың да сөзін тыңдап, екі тараптың да пікірін білу маңызды. Осыған орай біз материалды зерттеп жатқан уақытта «Q-MED COMPANY GROUP» ЖШС-ның бірінші құрылтайшысы Р.Базарбайға хабарласып, пікірін білмек болдық. Бұл өтінішімізге Р.Базарбайдан: «Егер сіз журналист болсаңыз, ақпараттар жинап, зерттеу жүргізуіңіз керек. Материал біржақты болмауы қажет. Қазір тергеу амалдары жүріп жатқандықтан, ешкім ештеңе жариялап, көрсете алмайды. Біз тек оқиғаны қалай болғанын қысқаша айтып бере аламыз. Ал қалған сұрақтарды біздің адвокаттар біледі. Егер сіз менен пікір алғыңыз келсе, ол үшін ресми түрде кейнеқоныраумен сұрақтарыңызды қоюыңыз керек. Ондай жағдайда біз де ресми түрде жауап берер едік. Бәрі осы ретпен болғаны дұрыс. Сіз өзіңіздің қызметтік күәлі-гіңізді жолдаңыз, сонда біз әрбір пунктке жауап береміз. Сіз хабарластыңыз, жаздыңыз, менің жауабым осы. Әрі қарай бізге ресми сұраныс жіберіңіз, сонда сіздің материалыңыз толық әрі жан-жақты болады» деді.

ҚР «Масс-медиа» туралы 2024 жылғы 19 маусымда қабылданған заңды басшылыққа ала отырып, редакция «Q-MED COMPANY GROUP» ЖШС-ның бірінші басшысына 2025 жылы 7 тамызда ресми сауал жолдады. Оған 11.08.2025 жылы келген №165 жауапты өзгерісімізге өзгеріссіз жариялап отырмыз. Қарап, өздеріңіз бағасын берерсіздер.

Алексей САМОЙЛОВ

Р.С. Материал Жани Кимнің уәждері мен ресми құжаттарды негіз ете отырып дайындалды. Осы зерттеуді жүргізу барысында редакция Бас прокуратураға, Ішкі істер министрлігіне қосымша сауалдарын қойып, хат жолдады. Әзірге жауап жоқ. Бұл істі редакция өз бақылауында ұстайды.



табыс түсетінін айтып түсіндіреді. Бизнес-менеджер ретінде жоғары қабілетін көрсеткен Диана Юн бұл жолы да ұйымдастырушылық жұмысты өз жауаптылығына алады. Ал Р.Базарбай 20 мың тұрғынды тіркеумен айналысады.

2022 жылдың 15 қыркүйегі мен 15 қарашасы арасында емханаға тұрғындарды тіркеу жұмыстары жүргізіліп, Д.Юн серіктесіне емхананың 15 қыркүйекте ашылғанын ескертеді. Емхананы ашумен бірге, оған жаңа медперсоналдарды іріктеп, қабылдау да жауапты жұмыс еді. Лицензия алу, кабинеттерді жабдықтау, құзырлы органдардың тексеріп, рұқсат беруін қамтамасыз ету де күрделі іс. Алайда межелі уақытта өзіне жүктелген шаруаны Диана тындырып отырғанымен, емханаға тіркелгендер саны 5 мың адам ғана еді. Мына жағдай жаңа кәсіптің күйреуіне әкелетіні белгілі. Осыдан кейін қаржы жетіспегендіктен Диана Ким туған әпкесі мен жиенінен қарыз алуға мәжбүр болады. Әрі ақшаның жетіспеуінен бұрынғы бизнес-серіктестер арасында жиі келіспеушілік туындап, ұрыс шығады. Әрқайсысы өзінікі жөн деп, шиеленіс шарықтау шегіне жетеді. 2022 жылы Р.Базарбай ватсап хабарламасында Д.Юнді компанияны басқарудан шеттететінін айтады. Бұл шын мәнінде «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңға (34-баптың 2 және 3-бөлімі, 43-баптың 2-бөлімі 9-тармағы), сондай-ақ Азаматтық кодекстің 82-бабына қайшы. Бір заңнамаларда ЖШС қатысушысын тек елеулі зиян келтіріп, міндеттемені бұзғаны дәлелденген жағдайда ғана компаниядан шеттетуге болатыны көрсетілген.

Шеттетілгеніне қарамастан Д.Юн жұмысқа келуін тоқтатпады. Қанша дегенмен серіктесі ақылға келер, компанияның жарғылық капиталында 45 пайыз үлесі бар серіктесін осылай орта жолда қалдырмас деп ойлады. Алайда 2022 жылдың желтоқсанынан бастап Дианың кеңсеге кіруіне тыйым салынды. Осылайша еңбек заңнамасын бұза отырып, ЖШС-дағы жұмыстарын жүргізуіне мүмкіндік бермеді.

Анасының айтуынша, осы жағдайдан кейін сотқа шағымданған Д.Юн 2024 жылдың тамызында «Q-MED COMPANY GROUP» пен «Сана-сезим орталығы» ЖШС-нан 2022 жылы төленбеген 3 947 238 теңге еңбекақысын өндіріп алуға қол жеткізеді.

Қылмыстық іс

Осы жерде мына бір дерекке назар аударған дұрыс. Жани Кимнің айтуынша, Р.Базарбаймен келіспеушілік басталып, 2022 жылы компаниядан кетерден бір жыл бұрын Диана Юн «NUR CONSULT KZ» ЖШС-ның қызметіне жүгініп, 2019-2021 жылдар кезеңіндегі бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес құжаттардың болуы, олардың дұрыс толтырылуы, салықтық есепке алу бойынша салық міндеттемелерінің орындалуын және әлеуметтік төлемдерді есептеу тұрғысынан екі компанияның бухгалтерлік құжаттамасына толық тексеру жүргізуді сұрайды. Ал естеріңізде

ПАЙЫМ

ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Ұлы Абайдың 180 жылдығы «алаш бесігі» атанған Семей жерінде, халқының ыстық сүйіспеншілігімен аты берілген Абай топырағында зор құрметпен атап өтілді. Әрине, Абай – қазаққа ортақ тұлға, сондықтан, бүкіл жұртымыз ұлы ақынның есімін ардақтауда.

Десек те, Абайдай біртуар данамыздың, ақылгөй абымыздың мерейтойын белгілі бір уақытқа байлап, осындай аралықта атап өту қажет деуіміздің өзі дұрыс болмас. Өйткені ол – мәңгіліктің шамшырағы, қазақтың сөнбес күні секілді биік тұлға емес пе?! Қазақтың қандай данасы, ұлы перзенті болса да, баршасы Абайды ұстаз тұтқан.

Осыған, әсіресе, Алаш арыстарының өмір жолымен танысқанда анық көз жеткізе түсеміз. XX ғасыр басындағы бір кезеңде қаулап шыққан Алаш арыстарын ренессанс дәуірінің өкілдеріне жатқызып жүрміз ғой. Ал сол ұлты үшін жанын құрбан қылған арыстарымыз, мамандығы жағынан әртүрлі, бірақ өмірге көзқарасы, талап-талғамы, мақсат-мүддесі ортақ. Әсіресе, олардың басын қосып, біріктіруші ұлы күш – Абайға деген сұрапыл махаббаты. Тіпті, олардың ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігінің шырақшысы, рухани дем берушісі Абай десе болғандай.

Ал, Абайдың бақытсыздығы сол, ол ел азаматы болып, аяғынан тұрғанда, айналасы мүлгіген қараңғылық жайлаған, надандығы көп орта оны көп түңілдірді, әйтпесе, «мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» дер ме еді. Бұл жағынан алғанда өзінен кейінгі буын – алаш қайраткерлері оған қарағанда бақыттырақ еді. Өйткені, олар Абай түңілген, «бас-басына би болған өңкей қиқым» деген заманнан биігірек тұрды, ол сияқты жалғыздық кешпеді, бір-бірінің қолдауымен рухтанды. Қуғын-сүргінге ұшырап, кезеңдік саясат құрбандығына айналса да, олардың күрескерлік рухы жоғары болды, болашақта жарық күн туарына, туған халқының бақыт таңын қарсы аларына сенді. Алаштықтардың жүріп өткен күрескерлік жолдары сөзіміздің дәлелі. Абайдың трагедиясы өзгерек; ол саясаттан, отаршылдықтан гөрі, ортасының білімсіз қараңғы надандығынан көбірек түңілді.

Біз Алаш арыстарының Абайға деген теңдессіз махаббатын ғажайып ақын Мағжанның жыр шумақтарынан байқаймыз:

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанды,
Дүние қолын жайып енді күтпес...
Бір өкініштісі, осы аса келісті, әдемі шумак
әртүрлі болып кездеседі. Мысалы соңғы жол бір еңбекте: «әлемнің құлағынан әні кетпес»

деп кездеседі. Ал жырдың атауы бір еңбекте «Атақты ақын, сөзі алтын, хакім Абайға» десе, енді бірде «Сөзі алтын, хакім Абайға» деп жазылған. Мағжан ақын солай құбылтып жазған деуге болмас. Зерттеушілерге сын айтудан аулақпыз, дегенмен жинақ құрастырушылар түпнұсқаға мән бергені жөн еді. Өйткені, бұл Абайды оқып, жырымен сусындаған шәкірттерді шатастырады. Абайдың сөзін абайлап қолданбасақ, сұрақтың көбеюі заңдылық.

Абайды «хакім» деп атаған жалғыз Мағжан емес, бұл тіркес өзге Алаш арыстарында да кездеседі. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлы ақынның өз бағасын алмай, өмірден өткеніне өкініш білдіріп: «Абай дейтін хакім, данышпан кісі еді. Өттең, туған жері қазақтың іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді...» деген. Осы қып-қысқа сөзде қаншама мағына жатыр десеңізші. Меніңше, Абай сияқты хакім, Шәкәрімдей тұлғалар ғана туған халқының кемшілігін осылайша ұдай тілімен жанға батыра, өткір айта алады.

Мен осы «хакім» сөзі жиі кездескен сайын, әсіресе, Алаш арыстарының Абайды хакімге теңеуінен қатты ойға қалып, біраз еңбектерді аударыстырып, сөздіктерге үңілдім. Сонда ұққаным, «хакім» сөзі мен қазіргі әкім сөзінің түбірі бір, төркіндес. Бірақ, қолданылуы мүлде басқаша; қазіргі әкім – ел басқарушы, өңір билеушісі. Ал бұрынғы қолданыстағы «хакімнің» мағынасы терең; бұл түбі араб сөзі, «ғалым», «данышпан», «дана адам» деген ұғым береді. Және бұған мысалды Абайдың нақ өзінен табуға болады. Абайдың «Жиырма жетінші» қара сөзінде «Сократ хакімнің сөзі» деген қосымша мағлұмат берілген. Яғни, Абай ғұлама Сократты «хакімге» теңеген. Демек, бұл оқу-білімнің шыңына шыққан әрі дарынды адам. Абай да бұл сөзді ретімен қолданған, ал, алаштықтардың Абайды «хакіммен» теңестіруі де өте орынды, нақты данаға берілген баға. Тақырыпта неге «хакім» анықтамасын бергенімізді аштық, дегенмен, түпкі мақсатымыз – Абай мен Алаш арыстары арасындағы сабақтастықты танытуға талпынған ниет болатын.

Негізгі әңгімеміздің бісміллесін – алаш көсемі Әлихан Бөкейханнан бастауға тиіс едік. Өйткені, алғашқы Абай туралы мақаланы 1905 жылы Семей қаласында шыққан «Семипалатинский листок» газетіне жариялаған Ә.Бөкейхан. Мақала «Абай/Ибрагим/ Кунанбаев» деп орыс тілінде жарық көрген. Бұл кезде Абайдың қайтқанына біраз ай өтсе де, Ә.Бөкейхан бұл мақаласын қазанама/некролог ретінде берген. Тек айырмасы, қазанама сияқты қысқа жазылмаған, мақала тәрізді, біраз мағлұмат беріліпті. Және олары отаршылдық саясатқа жақпайтындай. Себебі, Абайдың айналасы,



жақындары туралы автор ыстық, шынайы лебіз білдірген. Автордың ақынның өмірбаяны туралы мағлұматтары қызықты оқылады, ол ақынның азан шақырып қойған аты Ибрагим пайғамбардың есімі екеніне, мұны ата-анасы ырымдап қойғанына, сондай-ақ ана-әжесінің өз бетінше еркелетіп «Абай» деп, ол жалпыхалықтық атауға айналуына да мән береді. Жамбыл ақын айтпақшы, Абайдың өлең-жыр пайғамбарына айналғаны рас. Бұл арқылы автор ақынның текті, ұлағатты ортадан шыққанын, сәбиге ат қойғыш, ырымшыл қасиеттің өзінде терең тағылым жатқанын меңзейді. Әлихан Бөкейханның Абаймен кездескен-кездеспегені туралы дерек болмаса да, ақын өмірден өткен соң, ол туралы білгісі келіп, елінде жиі болғаны, әсіресе, ақынның Әйгерімнен туған баласы Тұрағұлмен дос-жар, пікірлес болғаны белгілі. Нақ осы себепке орай алашордашыл аталған Тұрағұл қудалауға ұшырайды. Ол да Абайдың өзге балалары секілді өмірден ерте өткен. Тұрағұл да білімқұмар, ізденгіш, әрі ұлтшыл болып өскен, Алаш көсеміне ұнағаны да осы қырлары болса керек. Сондай-ақ, ол Абайдың немере інісі Кәкітаймен, шәкірті Көкбайлармен жақын болып, араласқан. Тағы бір қызықты мәлімет, Әлихан мен Шәкәрімнің аналары туыс болғандықтан, бөлелер екен. Бұл да ол кісінің осы елге жиі келуіне игі әсерін тигізгені сөзсіз. Әрине, Ә.Бөкейхан қызық қуған сал-сері емес, халқының қамын жеген кісі, бұл арада, алаш көсемін ұлы ақын айналасының ұлағаты, өнер-білімге ынтықтығы қызықтырған деп топшылаймыз. Ә.Бөкейхан Абайдың өзін, айналасын жақсы біліп қана қоймаған, кейінгі Абай жинағының шығуына атсалысқан, ақын ұлағатының ел арасына кеңінен жайылуына игі ықпалын тигізген.

Алаш көсемінің осы абайтанушылық игі бастамасын іліп әкеткен екі қанаттас серігі,

алаштың ірі қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы болғаны да талас тудырмайды. Әсіресе, Абайдан қалған мұраларды ғылыми түрде талдап, жіліктеп беріп, өзі де ұлтының ұстазына айналған ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлының еңбегін айрықша атағанымыз абзал. Оның Абайға арнаған «Қазақтың бас ақыны» деген жалғыз мақаласының өзін монографиялық зерттеу кітабына жатқызсақ өте әділетті болар деп болжаймыз. Мақаланы тұтас талдасақ ұзаққа кетеміз, сөзіміз қысқасыз болмас үшін, аз-маз мысал келтіре кетейік. Автор өзі тілші-лингвист ғалым болғандықтан, Абай шығармашылығының сапалық қырын тереңдей ашып: «...Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласыз... Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады», – дейді.

Андап отырғанымыздай, ұстаздың аты – ұстаз, мұнда Абайды енді оқимын, танимын деп талаптанған шәкіртке де, қарапайым оқырманға, қатардағы ел адамына да керек кеңес табылады. Ғұлама соқырға таяқ ұстатқандай етіп, Абайдың ұлағаты қайда жатқанын, одан қандай өнеге алуға болатынын жіліктеп талдап, аспандағы темірқазық жұлдызындай айқын да түзу, турашыл бағыт көрсетіп берген. Міне, құрғақ ділмарлықтан ада, таза ғылым дегеніміз осы!

Ұлы Абай туралы мазмұнды мақала жазған тұңғыш абайтанушының бірі – Міржақып Дулатұлы. Ол ғалым емес, ақын болғандықтан, толғанысы көп, ақындық сыршылдықпен Хакім Абайдың халқына қадірі қаншалық екенін айқындап, ашып берген. «... Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан балаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зәредей шүбә етпейміз; Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар. Сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, бірінші ақынымыз деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...» дейді.

Халқын сүйген, халқынан шыққан ардақты перзенттерге құрметпен сөйлей білген ұлан осылайша толғанса керек.

Біз бүгін ұлы перзентіміздің асыл рухына бас ие отырып, оның Алаш арыстарына қалдырған ұлағаты туралы, алаштықтардың абайтанушылықтың негізін қалап, халқына, болашақ ұрпақтарына зор үлгі-өнеге қалдырғаны туралы толғандық.

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

«ҚАРАМОЛА» ЕРЕЖЕСІ – АЛҒАШ БАСПА ЖҮЗІН КӨРГЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл құжатта XIX ғасырдың 2 жартысындағы қазақ халқының салт-санасы, тірлік аясы, бүкіл қауымның праволық, ой-өрісі, сол дәуірдің таптық-әлеуметтік құрылымы айқын көрініс тапқан. Ережеде лауазым дәрежесіне сай жер-жерде ел тізгінін ұстап, әкімшілік, билік жүргізуші пристав, старшын, би, молдалардың құзыры мен құқы нақты айтылады. Сондай-ақ, ел ішінде кеңінен тараған ұрлық, барымта, құн дауы, қалыңмал, құдалық, қалыңдық даулары, жер дауы, жесір дауы, әменгерлік, жиендік жоралғысы тәрізді адамдар мен қауым тірлігіне қатысты басқа да қыруар жайлар туралы ұйғарым, кесімдер қамтылады. Би-болыстан бастап, серіктес, туыстас әрбір адамның әділет жолы, қоғам алдындағы жауапкершілігі, парызы жайлы тұжырымдар да бірнеше бапта соқталанып, бой көрсетеді. Суға кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында, боран мен суықта қалғандарға жәрдем көрсетпегендерге, сондай-ақ көпір, арық бұзғандарға, мал өліміне қарсы жасалған шаралар кезінде қолғабыс етпегендерге айып белгілеу жөніндегі 35-36-баптардағы тұжырымдар адамдарды қоғамшылдықта, апатқа душар болғандарға алыс-жақын демей қол ұшын беруге, көмектесуге шақырады.

Ата-ананы, құрметті кісілерді,

молданы ренжіткендерді, ұрыс-төбелес шығарып, бұзақылық көрсеткендерді жазалау жайындағы қағиданың тәрбиелік мәні зор. Ел өмірінде жиі кездесетін және көбінесе арам пиғылды адамдар ұйымдастыратын ұрлық пен барымта сияқты қылмыстық әрекеттерге қарсы күрес нормалары елеулі орын алды. Мұнда ұрының өзі ғана емес, оған серіктес, сыбайлас болғандар, сондай-ақ ұрланған мал екенін біле тұра сатып алғандар да жаза тартатыны жайлы нақты ұйғарымдар енгізілді.

Әйел теңдігі, махаббат бостандығы, қалыңмал, қыз жасауы, әменгерлік мәселелеріне қатысты идеялары да назар аударарлық. Әйел правосы жөніндегі қағидалардан Абай өмір сүрген дәуірдің ақиқат болмысы бүкпесіз бой көрсетеді. «Әйелдің құны ер құнының жартысы», «әйелдер куә болуға жараммайды» (9-бап) дейтін тұжырымдар, қалыңмал, құдалық, қыз жасауы төңірегіндегі ұйғарымдар бүгінде өрескел әрі күлкілі көрінуі мүмкін. Алайда ел ішінде бұған дейін қалыптасқан шарифат заңдарымен төркіндескен патриархалдық ескі көзқарас пен әдет-ғұрыпты жоққа шығарып, бірден өзгерте салу қисынсыз, әрі жеке адамдардың қолынан келе бермейтіні анық.

Осы тұрғыдан келгенде, Абайдың қатысуымен дүниеге келген бұл ережеде әйел құқығы, махаббат бо-

стандығына қатысты едәуір оңды, прогресшіл тұжырымдар да ұшырасады. Болашақ күйеуін сүймейтін қыздарға, не ерін сүймей қашып кеткен әйелдерге сүйген кісісіне қосылуға рұқсат етілген. Күйеу қалыңдықтан 25 жас үлкен болса немесе кемтар, не баукеспе ұры немесе мұрагерлік құқығынан айырылған адам болса, қалыңдық оған тұрмысқа шығудан бас тартуға ерікті. Бұл жағдай жайында бұдан да негіз бола алады. Ал 46-47-баптарда әйелдердің махаббат бостандығы, бас еркіндігі жайында бұдан да негіз бола алады. «Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе, алған қалыңмалын қыз әкесі күйеуіне қайтарды (46-бап). Байы өлген жесір қатын сүйсе байының бір туысқан бауырына яки ағайынына тиеді, егер де сүймесе ықтияры өзінде (47-бап).


Ережеде әйелдердің жеке басы мен мүлкіне байланысты құқы күшейтіле түскен. 51-баптағы «күйеуі өлген әйелдің қолындағы қыз бала анасына тиесілі» – дейтін қағида да, 30-баптағы балиғатқа толмаған қызды, күйеудегі әйелді зорлағаны үшін айыпқа тарту жөніндегі ұйғарым да айла құқығын нығайта түсуді көздейді.

Абай ережесінің 54-бабының мазмұны да айтарлықтай көңіл аударарлық. Онда қазақ ортасында кең тараған өтірік арыз жазушы жалақорлар 28 күнге дейін абақтыға қамалуға тиісті болды. Абай ереже-

байытылған бұл ережелер билер сотының (аға сұлтандық, болыстық, уездік және уезарлық сатыларының) жұмысын тәртіпке келтіруге негіз болып, Семей қазақтары өмірінде, қылмысты істерге қарсы күресте елеулі қызмет атқарды.

Абайдың шығармалары мен билік айту кезіндегі шешімдерінің және «Қарамола ережесіндегі» құқықтық нормаларының қазіргі күні де маңызы үлкен. Өйткені, тарихты білмей, оның жетістіктері мен кемшіліктерінің және өткен заманның ұлы тұлғалары мен ойшылдарының саяси-құқықтық ілімдері мен көзқарастарының, ой-пікірлерін бүгінгі күнмен және болашақпен байланыстырмай, өркениетті дамыған ел болып қалыптасту мүмкін емес. Сондықтан да, Абай сияқты ұлы тұлғаларымыз бен ойшылдарымыздың ұлағатты идеялары мен асыл сөздерін бүгінгі мемлекеттік билік жүргізу, ел басқару, мемлекет саясатын және құқықтық реформаларды жүргізуде тиімді пайдалану өткен тарихтан сабақ алудың және үйренудің айқын үлгісі болып табылады.

М.МОЛДАНОВ,
Шығыс Қазақстан облысы
Зайсан аудандық сотының бас маманы



Ереже қазақ тілінде жазылып, орыс тіліне аударылған. Араб әрпімен басылып 1886 жылы Қазан университетінің баспаханасында жарық көрген кітапша түрінде нұсқасы және іске тіркелген орысша қолжазбасы Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағат қорында сақтаулы. Ереже қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарын, патриархалдық-феодалдық қатынастарды негізге ала отырып, Ресей империясы заңдарының кейбір прогресшіл қағидаларымен ұштастырыла жасалған. Ол - правоның материалдық және процессуалдық нормасының жиынтығы, әрі аға билердің дау-жанжалды шешуде басшылыққа алатын құралы болып табылады.



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, жалпы ұрлық фактілері 28,4 пайызға, ал ұялы телефон ұрлығы 10,1 пайызға қысқарды.

Дегенмен бір мәселенің өзектілігі әлі де жоғары. Бұл қазіргі уақытта елімізді ғана емес, бүкіл әлем елдерін алаңдатып тұрған интернет-алаяқтық болып отыр. Тәртіп сақшыларының жүйелі жұмысының нәтижесінде өткен жылға қарағанда мұнда да белгілі бір оң нәтиже бар. Қазіргі уақытта интернет қылмыстары 16,7 пайызға азайған. Бірақ әлі де ең көкейкесті мәселе күйінде қалып келеді.

– Интернет алаяқтарымен күресте қандай нақты шаралар қолданылуда?

– Мұнда жүйелі тәсіл өте маңызды. Біз күн сайын халыққа арналған ақпараттық бүктемелер таратамыз, әлеуметтік желілерде түсіндірме бейнероликтер жариялаймыз. Сонымен қатар, байланыс операторларымен тығыз әріптестік орнаттық. Соның нәтижесінде «SIM-box» құрылғысын пайдаланып, заңсыз телекоммуникация қызметін көрсеткен екі адам қолға түсті.

Интернет алаяқтықпен күрестегі тағы бір маңызды бағыт – «дроптармен» күрес болып отыр. Олар өздерінің банк карталарын алаяқтарға беріп, қаржылық қылмысқа жол ашады. Биылдың өзінде осындай күдіктілердің шоттарынан 16 миллион теңгеден астам қаражат бұғатталды. Жалпы 165 дропка қатысты 50 миллион теңгеден астам сомаға талап-арыз берілді. Бұл қаншама азаматтың маңдай терімен тапқан ақшасының өз қалтасында қалуына ықпал еткенін көрсетеді.

– Облыстағы қылмыстың ашылу көрсеткіші республикалық деңгеймен салыстырғанда қай межеде?

– Жалпы жағдай тұрақты. Биылдың өзінде 26 аса ауыр қылмыс тіркелді. Барлығына полиция қызметкерлері тарапынан тиісті шаралар қабылданды. Мәселен, 29 шілдеде жедел-іздістіру іс-шаралары барысында құны 20 миллион теңгеден астам болатын пәтер ұрлығының ізі суымай ашылды. Бұдан бөлек, қоғам арасында үлкен резонанс тудырған қарақшылық шабуылдың да



Ержан Қошқарбаев,
Ақмола облысы полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының бастығы:

«ҚЫЛМЫСТЫҢ АЗАЮЫ – ПОЛИЦИЯ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ОРТАҚ ЖЕҢІСІ»

беті ашылды. Бұл – біздің қызметкерлердің кәсіби дайындығы мен халықпен жүйелі байланысының жемісті нәтижесі.

– Қазіргі заманда полиция үшін технологияның маңызы зор. Ақмола облысында бұл бағытта қандай ілгерілеушілік бар?

– Шынында да, заманауи технология – қылмыспен күрестің басты құралы екені даусыз. Бүгінгі таңда облыста 64400 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның ішінде 18600-і полицияның жедел басқару орталықтарына қосылған. Әсіресе, 2493 камера қылмыстың алдын алуға бағытталып отыр.

Сонымен қатар, Көкшетау қаласында «TargetEYE» бейнеаналитика платформасы пилоттық режимде іске қосылды. Бұл – жасанды интеллектке негізделген қазақстандық өнім. Қазір ол ірі сауда үйлеріне орнатылған 20 камераны басқарады. Жүйе бет-әлпетті биометриялық тұрғыда сәйкестендіреді, адамдардың топталуын, тасталған заттарды дереу анықтауға мүмкіндік береді. Бүгінде базаға 8 378 іздеудегі адамның дерегі енгізілген.

– Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу үшін қандай жобалар жүзеге асырылуы керек?

– Бұл бағытта бірнеше ірі бағдар-

лама бар. Біріншісі – «Қауіпсіз мектеп» жобасы дер едім. Оның аясында облыс аумағындағы мектеп оқушыларына 6 мыңнан астам құқықтық дәрістер өткізілді. Психологтар мен инспекторлар балаларды қауіп-қатерден сақтандырып, ата-аналармен де бірлесе жұмыс істейді.

Екінші бір іргелі іс – «Жас Отан» жобасы. Бұған сәйкес әрбір іргелі елдімекендерде жастар патрульдері құрылып, қоғамдық тәртіпті сақтауға үлес қосып отыр.

Үшіншісі – «Сенім» бағдарламасы. Ол полиция мен жастардың ашық диалогына, сонымен қатар сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған.

Төртіншісі қазіргі уақытта қоғам үшін аса үлкен қауіп болып отырған интернет-алаяқтық, балалар арасындағы буллинг сияқты қылмыстарға тосқауыл ретінде жүзеге асырылған – «Киберполиция» бастамасы. Мұнда жастарға интернет қауіпсіздігі түсіндіріліп, кибербуллинг пен онлайн-алаяқтықтың алдын алу шаралары жүргізіледі. Со-

полицияның жұмысын қадағалап, халықпен байланысты күшейтіп отыр. Ал еріктілер мен қоғамдық көмекшілердің арқасында 7 бірдей қылмыс ашылып, 500-ден астам әкімшілік құқық бұзушылықтың жолы кесілгенін атап өткен жөн.

Сондай-ақ 2023 жылдан бері өңірде іске асқан «Зиялы қауым» бағдарламасы ерекше атап өтуге тұрарлық. Мұнда ауыл ақсақалдары, ұстаздар, кәсіпкерлер мен имамдар тартылып, ауылдардағы іртіпті бақылауға белсенді атсалысуда. Соның арқасында соңғы үш жылда ауылдық жерлердегі қылмыс 25 пайызға төмендеді, мұнымен қоса 120 ауылда бірде-бір құқық бұзушылық тіркелген жоқ.

– Ал қылмыскерлердің қайта қылмыс жасауын азайту бағытында қандай жұмыстар жүргізіледі?

– Бұл да күрделі мәселе. Қазір біздің бақылауымызда 230 УДО-мен шыққан және 501 профилактикалық есепте тұрған адам бар. Олардың ішінде заң бұзғандар да болды – биылдың өзінде 32 адам қайта түрмеге қайтарылды. Дегенмен, басты мақсат – оларды қайтадан қоғам өміріне бейімдеу болып отыр. Сол үшін кәсіби оқыту, психологиялық көмек, әлеуметтік қолдау жұмыстарына барынша көңіл бөлінеді. Электронды білезіктер арқылы да бақылау күшейтілген. Бұдан бөлек, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, жұмысқа орналастыру, қайта әлеуметтендіру жобалары жүзеге асуда.

– Сөз соңында Ақмола облысының қылмыспен күрес тәжірибесін қалай сипаттауға болады?

– Біздің тәжірибе – кешенді тәсілге негізделген. Мұнда полицияның кәсіби жұмысы ғана емес, қоғамның қолдауы, жаңа технологияның әлеуеті, жастармен ашық диалог, еріктілердің көмегі, ауыл ақсақалдарының ақыл-кеңесі – барлығы тоғысып жатыр. Сондықтан қылмыстың төмендеуі – тек полицияның емес, бүкіл қоғамның да жеңісі дер едім.

– Өңірімізге рақмет. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



«Astana Polytechnic» жоғары колледжі – Жұмысшы мамандықтарды даярлауда көшбасшы

Президент биылғы жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялағаны белгілі. Қоғамда еңбек адамының идеясын насихаттап, жұмысшы мамандықтарды даярлауда ең алдымен осы салаға қажетті мамандарды даярлайтын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары екені де рас. Бұл үдеден 30 жылдан астам тарихы бар «Astana Polytechnic» жоғары колледжі шығып келеді. Аталған оқу орны еңбек нарығына кәсіби мамандарды үздіксіз даярлап, республикадағы және елордадағы жетекші оқу орындарының көшін бастап тұр.

Аталған колледжі «Талар» КЕАҚ жүргізген рейтинг қорытындысымен бірнеше рет еліміздің «Үздік колледжі» атаныпты. Бірнеше жыл техникалық және кәсіптік білім берудің «Үздік ұйымы» ретінде Астана қаласы әкімінің грантын иеленген.

«Бүгінде колледжде 11 мамандықпен 2000 студент білім алуда. 85 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде 9 педагог-өндірістік оқыту шебері, магистрлер, педагогика ғылымдарының кандидаты мен қауымдастырылған профессор, PhD докторы, педагог-шебер, педагог-зерттеуші, сондай-ақ республиканың 5 «Үздік педагогы» қызмет атқарады. Колледжіміз жұмысшы мамандықтардың беделін көтеру үшін дуалды оқыту бойынша тұрақты серіктестері бар. Атап айтсақ, «Қазақтелеком» АҚ, FREEDOM Telecom, KAZTELESYSTEM, Бителеком, IMBC халықаралық машина жасау орталығы, «AUTOLAND» автосервистер желісі, «Aster AUTO ASTANA» ЖШС, «MEGA Motors Astana» ЖШС, «№1 автобус паркі» АҚ, «Hyundai Premium Astana» және т.б. кәсіпорындар колледжбен тығыз байланыста. Жалпы білім ордасы бүгінге дейін 200-ден астам әлеуметтік серіктестермен қарым-қатынас орнатып, студенттерге кәсіптік және өндірістік тәжірибеден өтуге, сондай-ақ оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа тұрақты орналасуға үлкен мүмкіндік тудыруда», – дейді колледж директорының орынбасары Сәния Досман.

Сәнияның айтуынша, мұндағы білім беру

қызметі «Талар» КЕАҚ реестріне енгізілген 23 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылуда. CISCO, RedHat Academy, Festo, «КНАУФ», «ТехноНИКОЛЬ», Bosch Thermotechnik, ALINA, GROHE компанияларымен кәсіби сертификаттау орталығы және 1С сертификатталған оқыту орталығы сияқты колледжде заманауи зертханалар, ресурстық оқу орталықтары бар. Ал осы орталықтарда тәжірибе өткен студенттер халықаралық үлгідегі сертификат алады.

«Біздің колледжде дуалды оқыту бойынша тұрақты серіктестері бар. Атап айтсақ, «Қазақтелеком» АҚ, FREEDOM Telecom, KAZTELESYSTEM, Бителеком, IMBC халықаралық машина жасау орталығы, «AUTOLAND» автосервистер желісі, «Aster AUTO ASTANA» ЖШС, «MEGA Motors Astana» ЖШС, «№1 автобус паркі» АҚ, «Hyundai Premium Astana» және т.б. кәсіпорындар колледжбен тығыз байланыста. Жалпы білім ордасы бүгінге дейін 200-ден астам әлеуметтік серіктестермен қарым-қатынас орнатып, студенттерге кәсіптік және өндірістік тәжірибеден өтуге, сондай-ақ оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа тұрақты орналасуға көмек беруде», – дейді Сәния Нағмедханқызы.

Айтпақшы, колледжі «WorldSkills Kazakhstan – 2024» IX Республикалық чемпионатында 8 құзырет бойынша өнер көрсетіп, 6 жүлделі орынға ие болған. Ал жалпы командалық жарыстың қорытындысы бойынша Астана қала-



сының командасы I орынды иеленіпті.

«Мен алдымыздағы оқу жылы 3-ші курсқа өтемін. Өзім «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығында оқимын. Біз мұнда көліктің барлық түрін жөндеуді тәжірибеден өтіп үйрендік. Тіпті қазір заманауи электронды көліктерге техникалық қызмет көрсетуге даярмыз. Ең бастысы, біздің мамандыққа елімізде сұраныс жетерлік. Өйткені, қазір көлік өте көп әрі түрлі нұсқада шығып жатыр. Ал бұл салаға механик, кузов жөндеуші, электр маманы керек екені анық. Болашақта көрші Қытай еліне барып, өз мамандығымды жетілдірсем деген

ойдамын. Өйткені, әлемде түрлі көлік шығару ісінде осы мемлекеттің зауыттары жылдан жылға күш алып барады», – дейді Нұрлыбек Рустамбеков.

Колледждегі «Техникалық қызмет көрсету және байланыс» бөлімінің меңгерушісі Гүлсая Асқарованың айтуынша, қазір техникалық мамандыққа бұрынғыдай емес, сұраныс көптеп артқан.

«Оған басты себеп – жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары. Әсіресе, IT мен техникалық қызмет көрсету саласына оқуға қызыққан мектеп түлектері жетерлік. Мысалы, осы колледжде бір орынға 5 талапкер конкурста түсіп отыр. Жалпы биыл 542 түлек колледжді тәмамдаған. Сондай-ақ 800-ге жуық баланы осы жылы мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуға қабылдау жоспарланып отыр. Мұнда шәкірақы да бар. Оқу озаттары мен үлгерімі жақсы студенттерге 41-45 мың теңге беріледі. Сондай-ақ қоғамдық көлікпен жүру кезінде екі АЕК ретінде жол жүру билеті де қарастырылған. Ең жақсысы колледжі жатақханасында студенттер тегін тұрады», – дейді ол.

Айта кетейік, колледжде еңбек нарығының сұранысы үнемі қадағаланып, тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі. Қазір бұл оқу орны Астананың №1 Индустриялық парк құрамындағы 130-дан астам кәсіпорынның инженерлік кадрларға талдау жасап, ең керекті мамандықтар тізбесін жасаған. Олардың қатарында дәнекерлеушілер, слесарь-жөндеушілер, мехатроника мамандары, электромонтерлер, бағдарламашылар, механиктер және құрылысшылар бар. Бұл дерек білім мекемесінің оқу бағдарламасын еңбек нарығына сәйкестендіріп, нағыз қат маманды дайындауға мүмкіндік туғызады.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ
Астана қаласы

ЖАСЫЛ ЕЛ

ТУРИЗМ ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІККЕ БАСТАЙДЫ



Түркі әлемінің таңдайын қақтырған – Түркістан. Бұл қала – тарихы ортақ түркі елдерінің түпкі қазығы десек артық айтқандық болмас. Жеті жылда бой көтерген облыстың келбеті де күн сайын өзгеруде. Әсем де сымбатты, киелі мекенге өңірден және өзге елдерден де келетін шетелдік азаматтардың қатары күн санап көбеюде. Осы ретте облыстағы қоғамдық тәртіпті бақылауда Туристік полиция қызметінің еңбегі ерен.

Түркістан қалалық полиция басқармасы Патрульдік полиция батальоны туристерге қызмет көрсету взводының күнделікті жұмысы қауырт. Аталған саланың қызметкерлері облыс орталығындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Керуен сарай кешені, Президент саябағы сияқты туристер көптеп кездесетін орындарда жүреді. Тәртіп сақшылары сағат 08:00-мен 24:00-ге дейін екі ауысыммен қызмет көрсетеді.

Түркістан қалалық бөлімінде 25 қызметкер жұмыс атқарады. Туристік полицейлер шағын көліктермен және керекті құрал-жабдықтармен қамтылған. Сонымен қатар, әр объекте модульдік түрдегі стационарлық бекеттер орналастырылып, жұмыс режимі бейнетіркегіш, планшетпен, раациялармен жабдықталған және Tourist Police жазуымен нысанды киімдермен қамтамасыз етілген. Бұл саланың қызметкерлері қазақ, ағылшын, түрік және орыс тілдерін

жетік меңгерген. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің және Түркістан қаласының тарихы туралы жақсы біледі. Сонымен қатар, тәртіп сақшылары киелі шаһарда шетел азаматтарының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етіп, оларды толғандырған кез келген сұрақ бойынша ақыл-кеңес береді. Келеңсіз жағдайлар орын алса дер кезінде көмек көрсетеді.

– Түркістандық туристік полиция қызметкерлері өздерінің кәсіби және қызметтік қасиеттерімен қатар, туристермен қарым-қатынас жасау үшін бірнеше тілді меңгерген. Тарихты біліп, туристердің туындаған мәселелерін шешу үшін өзге құрылымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ете отырып, қызмет жасайды. Бұл саланың мақсаты – Қазақстан Республикасының халықаралық имиджін және туристік тартымдылығын арттыру, елімізге шетел азаматтарының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету және олардың кез келген сұрағы бойынша жауап беру. Келеңсіздікке ұшыраса дер кезінде көмек көрсету.

Түркістан облысы мен Түркістан қаласы қазіргі таңда туристер көп келетін аймақтың біріне айналды. Туристер облыста Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне, Арыстанбаб және де тағы да басқа киелі орындар мен «Венеция» венециалық стилде салынған су аймағын, ежелгі керуен бейнеленген Керуен сарайды, көк желекке оранған Президенттік саябақты аралап көруге құмартады. Сондықтан да біздің туристік сақшыларымыз осы жерлерді күзетеді, – деді Түркістан қалалық полиция басқармасы Патрульдік полиция ба-

тальоны туристерге қызмет көрсету взводының аға инспекторы, полиция лейтенанты Альфия Жолдасбекова.

Аға инспектордың сөзіне қарағанда туристік полиция қызметкерлері шетелдік азаматтарға қаланың маршрутын түсіндіреді, такси шақыруға көмектеседі және басқа да қажетті көмек көрсетеді. Шетелдіктерден басқа, өзіміздің отандастарымыз жоғалған баланы немесе ұмытылған жеке заттар мен телефондарын табуға көмек сұрайды екен.

Түркістан қалалық полиция басқармасы Патрульдік полиция батальоны туристерге қызмет көрсету взводының аға инспекторы, полиция лейтенанты Альфия Мұхтарбекқызы осы салада 2024 жылдан бері қызмет атқарып келеді. Мектеп жасында сабақты жақсы оқыған зерек қыз

оларға қолымыздан келгенше көмек беруге тырысамыз, – деді аға инспектор.

Тағы бір айта кететін жайт, туристерге қарсы жасалатын қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу және де заттары жоғалып қалған жағдайда осы туристік полиция қызметкерлері тез арада көмекке келеді.

Шет тілдерін жетік меңгерген Альфия өзге мемлекеттен және еліміздің өңірлерінен келген қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әрдайым дайын. Ал, осы салада қызмет атқарып жүрген аға инспектор көптеген шетелдік азаматқа жол сілтеп және де жоғалған заттарын тауып беруге көмектесіп келеді.

– Жуырда Ахмет Ясауи кесенесіне туристік сапармен келген шет

туристік тартымдылығын арттыру. Сондай-ақ, елімізге шетел азаматтарының келген кездегі қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету және оларды толғандырған кез келген сұрағы бойынша ақыл-кеңес беру. Келеңсіз жағдайлар орын алса дер кезінде көмек көрсету, – дейді Альфия Мұхтарбекқызы.

Егер турист өз құжаттарын жоғалтса немесе қандай да бір оқиға орын алса полиция қызметкерлері көмек көрсетеді. Туристік полицияның қызметіне соңғы бір ай ішінде 650-ге жуық азамат жүрген. Олар көбінесе бір пункттен екінші пунктке қалай жетуге болады, қайда аялдап тоқтауға болады, қаланың көрнекті жерлері, «Көші-қон полиция қызметіне қалай жетуге болады» деген сұрақтармен жүрген.

Туристік полиция қызметкерлері бейнетіркеуіштермен, планшеттермен, рациямен жабдықталған. Олар қазақ, орыс, түрік, қытай, ағылшын тілдерін және еліміздің тарихын жетік меңгерген. Қызметте адамдармен тез тіл табыса білетін және жедел әрекетке әрдайым дайын болу сынды қабілеттерге ие болуы маңызды.

Бұдан бөлек қала аумағында туристерге арналған «SOS» батырмасы бірнеше жерде орналасқан. Кез келген турист көмек қажет болған жағдайда батырманы басса, туристік полиция қызметкерлері лезде жандарынан табылады.

Айта кетейік, жуырда облыс орталығында жаңа туристік маусымның ашылуы өтіп, өңірге келушілер қатары арта түскен болатын. Мәселен, Түркістан қаласына жыл басынан бері 268231 турист келген. Оның 6012-і ішкі туристер болса, 6996-і шет елдік қонақтар.

Түркістан шаһары мен өңір тарихын жетік меңгерген мамандарға шетелдіктерде алғысын айтып, ризашылығын білдіріп отырады. Осылайша қоғамға енген туристік қызмет бүгінде шетелдік қонақтар мен ел тұрғындарының көңілінен шығып келеді. Жылдан жылға туристік полиция қызметкерлерінің де саны артып келеді.

Раушан НАРБЕК,
Түркістан облысы



ағылшын тілін де жақсы меңгерген. Кейіннен шет тілін жетілдіру үшін арнайы курста білімін арттырған.

– Осы жерде орналасқан қаланың көрікті жерін көруге аптасына 25 мыңдай туристер қонақ болады. Қазіргі таңда бізге шет елдерден туристер көп келеді. Біздің негізгі міндетіміз – өңірге келген қонақтарды қызықтырған сұрақтарға жауап беріп, түрлі ақпараттармен бөлісу және саяхатшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Еліміздегі туризмнің тартымдылығын арттырып, халықаралық дәрежедегі беделін көтеруге үлес қосу парыз. Электромобиль көлігімізге қызығушылық танытатындар да көп. Бізбен бірге суретке де түседі. Біз де өз тарапымыздан

мемлекеттің азаматы әуежайға барар жолды білмей адасып қалған еді. Туристік полиция қызметкерлері шетелдік азаматтан мән-жайды анықтап, әуежайға жүретін автобусқа отырғызып жібердік. Бұл жерге еліміздің түпкір-түпкірінен зиярат етіп келушілердің арасында ауырған кісілер де келеді, соларға да көмек көмектесеміз. Үлкен кісілер әулиелердің кесенесіне бара алмайды, соларды апарамыз. Тоқсанға, сексенге келген кісілер осы әулиеге зиярат жасайды. Аталарымыз бен апаларымыз өз кезегінде алғыстарын айтып, батасын береді. Оларға қолдан келген көмегімізді көрсетеміз. Әрине, біздің саланың басты міндеттінің бірі – ҚР халықаралық имиджінде

БҰҰ ЖАҒАНДЫҚ ШАРТЫ

ОЙТАЛҚЫ

Орталық Азия желісі іске қосылды

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шарты жақында SDG прог्रेसін ынталандыру үшін Қазақстанда Орталық Азияға арналған жаңа Елдік желісін іске қосты. Ол Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстанға қызмет көрсетеді. Нақты айтқанда аймақтағы 140-тан астам қатысушы компанияны әлемдегі ең ірі корпоративтік тұрақтылық бастамасымен байланыстырып, оларды тұрақты бизнес тәжірибесін ілгерілету және Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келтіру үшін қажетті құралдармен, ресурстармен және негізбен жабдықтайды.

«Орталық Азия Еуропа, Азия және Таяу Шығыс арасындағы стратегиялық тоғысқан жерде орналасқан және жылдам экономикалық-саяси трансформация кезеңіне аяқ басып отыр. Осы жерде Елдік желіні іске қосу арқылы біз серпінді дәлізге жауапты инвестициялар мен тұрақтылықты бекітеміз және жасыл өсуді ынталандыру, ашықтықты жақсарту және әлеуметтік келісімді нығайту үшін аймақты пайдаланылмаған жеке сектор әлеуетін пайдаланамыз», – дейді БҰҰ Жаһандық шартының бас директоры және атқарушы директоры Санда Оджиаомбо.

БҰҰ Жаһандық шарты Орталық Азия желісінің атқарушы директоры Динара Сейжапарованың айтуынша, осы маңызды сәтте Орталық Азиядағы бизнес тұрақтылық бойынша өздерінің күн тәртібін белгілеу үшін бірінші кезектегі артықшылықты пайдалану керек. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шарты Орталық Азиядағы үкіметті, бизнесті және азаматтық қоғамды сенім орнату, трансшекаралық серіктестікті нығайту және SDG үшін миллиардтаған инвестицияны ашу үшін жинайды. Бұл экономикалық өсудің әлеуметтік инклюзиямен және қоршаған ортаға

төзімділікпен қатар жүруін қамтамасыз етеді.

20 мыңнан астам қатысушы компаниялары, 5 Аймақтық хабтары, 85 елді қамтитын 64 Елдік желі және басқа 16 елде желілер құратын 9 Елдік менеджері бар БҰҰ Жаһандық шарты әлемдегі ең ірі корпоративтік тұрақтылық бастамасы болып табылады. Оның мақсаты – он қағидатты қолдау және өзгерістерге мүмкіндік ұсынатын есеп беретін компаниялар мен экожүйелер арқылы SDG жеткізіп бизнестің жаһандық ұжымдық әсерін жеделдету және масштабтау.

Бизнеске арналған SDG деген кезде ол Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше 193 мемлекет үшін 2015 жылдың қыркүйегінде қабылданған жақсы болашаққа қол жеткізу жоспарымен түсіндіріледі. Онда келесі 15 жылда төтенше кедейлікті жою, теңсіздік пен әділетсіздікпен күресу және планетамызды қорғау жолы белгіленген болатын. Бұл амбицияларды орындау қоғамның барлық секторларының теңдессіз күш-жігерін талап етеді және бизнес бұл процесте өте маңызды рөл атқаруы керек. БҰҰ Жаһандық шартының он қағидасы мыналардан алынған: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декла-

рациясы; Халықаралық еңбек ұйымының негізгі принциптері мен еңбек құқықтары туралы декларациясы; Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио декларациясы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы БҰҰ Конвенциясы.

10 қағидаттың екеуі адам құқықтарына, төртеуі еңбекке, үшеуі қоршаған ортаға, біреуі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты. Атап айтқанда: 1) Бизнес халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауы және құрметтеуі керек; 2) Олардың адам құқықтарын бұзуға қатысы жоқтығына көз жеткізу; 3) Бизнес бірлестіктер бостандығын және ұжымдық келіссөздер құқығын тиімді тануды қолдауы керек; 4) Мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жою; 5) Балалар еңбегін тиімді жою; 6) Жұмысқа келіссөздер қатысты кемсітушілікке жол бермеу; 7) Кәсіпорындар қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты сақтық шараларын қолдауы керек; 8) Қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігін арттыру үшін бастамаларды қолға алу; 9) Экологиялық таза технологиялардың дамуы мен таралуын ынталандыру; 10) Бизнес бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, оның барлық нысандарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс істеуі керек.

Жалпы Орталық Азия елдері желісі БҰҰ Жаһандық шартының 64-ші және ал биыл ашылған алғашқы Елдік желісі. Былтыр мұндай екі желі ашылған болатын.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

Біздің басты байлығымыз – ел бірлігі екенін еш уақытта ұмытпауымыз керек. Еліміз қуатты болса, мемлекеттік тілдің болашағы да соншалықты шуақты боламақ. Дүниеде қазақ деген ел барда, қазақ тілі мәңгі жасай береді.



ЕЛІ ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІЛДІК ОРТАДА БӘСІ ЖОҒАРЫ

Содан да болар осы күні тіл мәселесі қоғамда көп талқыланатын тақырыпқа айналып отыр. Себебі, сол тіл – тәуелсіздіктің тірегі. Ал, өз ұлтының тағдырына бейжай қарамайтын кез келген адам мемлекеттік тілдің жайына алаңдайды. Біздің тәуелсіздік алғанымызға биыл 31 жыл уақыт болады және біз өз жерімізді өзіміз басқарған елге айналдық, осының өзі зор жетістік.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, тілдің мәртебесін іске асыру әлі де толығымен мүмкін болмай отыр. Оған себеп тілдің жер-жерде үйретілуі мен қолдануын жүзеге асырар тетіктің жеткілікті деңгейде іске қосылмауында

жатқан болар. Ал, оны жүзеге асырудың заңды тетіктерін жетілдіру бүгінгі күннің талабы болып отыр.

Елімізде қазақ тілінің дамуы әлі де болса өз деңгейінде деп айтуға келмейді. Қазақ тілінің өркендеуіне тек басқа ұлт өкілдері емес, алдымен өзіміздің қандастарымыз еңбек етуі керек. Сондықтан да ел қамында, мемлекеттік қызметте жүрген әрбір қандасымыз қазақ тілінің дамуына өзінің үлесін қосуы қажет.

Б.СУГУРОВА,
Ақтөбе облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы – хатшы

ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АЯҚАСТЫ БОЛМАСЫН!

Қазір әлеуметтік желіде екінің бірі дін туралы, дәстүр туралы түрлі жазба жариялайтын болды. Оған әркім өз біліміне қарай пікір қалдырып, кейбіреуі тіпті олардың ара-жігін ажырата алмаса да «Өзің білме, білгеннің тілін алма» дегендей өзгелердің мәдениеті мен діни сеніміне құрметсіздік танытуда. Бір кездері мәдениет пен өркениеттің иесі ретінде саяхатшылар өз жазбаларында таңырқаған халықтың бір ғасырда қалай ұлттық болмысынан айрылып бара жатқанын көру кімге болмасын жанына ауыр тиетін жағдай.

Өйткені қазақ үшін дін – дүниеден тыс тұрған тылсын күш емес. Оның тал бесіктен жер бесікке дейінгі бүкіл тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, дүниетанымы біртұтас әлемге айналған. Ал дін қағидалары ырым-тыйымдардан бастап, мақал-мәтел, аңыз-әңгіме,

жыр-дастандарымен астасып жатыр. Сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамы үшін ұлттық құндылықтар мен діни құндылықтар ажырағысыз боп кеткен. Оны мәдениеттанушылар мен дінтанушы ғалымдар әрдайым айтып та, жазып та, көрсетіп де жүр. Өйткені халқымыз ешқашан ұлттық

мүдде мен діни мүддені бөліп қарамаған. Халқымызда этноконфессиялық бірегейлікке қауіп төндіретін құбылыстар тәуелсіздікке дейін жоққа тән болды. Әрине қазақтың мұсылмандығына күмәнданғандар әр уақытта ер елде кездесіп тұрды.

Соның бірі туралы филология ғылымдарының кандидаты, яссауитанушы Айнұр Әбдірасылқызы «Қазақстандағы этноконфессиялық бірегейлендіру мәселесі: мемлекет құраушы ұлт және заманауи сын-тегеуріндер» деген зерттеу еңбегінде XVI ғасырда қазақтардың мұсылмандығына күмәнданған Бұқара ғалымдарының бір бөлігі «бұл халықтың дінсіз деп жариялау» туралы пәтуа шығармақ болғанын

жазады». Сонда құдайына қараған бір ғұлама: «алдымен кісі жіберіп, араларынан бір өкілін алдырып, сынамай, сауалдарымызға жауап бере алмаса, сонда лайықты пәтуасын шығарайық» дейді. Кісі салғанда қазақтар өз арасынан Көге деген жас жігітті жібереді. Ол ислам шариғатына білімдарлығымен Бұқара ғұламаларының таңдайын қақтырады. Оған тәнті болған олар: «Қандай тілегің бар, орындайық» дейді. Сонда – «Осы Бұқараның ортасынан медресе салып, бала оқытсам. Тек бір шартым бар. Маған медресені салысуға балиғатқа толғалы дәретсіз жер баспаған жандар ғана келетін болсын» дейді. Сонда мұсылмандығымыз өз-

геге өнеге боларлықтай дәрежеде деп астам ойда жүрген дүйім жұрттан бір адам шықпайды. Сөйтіп, Көге сол медресені жалғыз өзі салған деседі. Ел «Көге тасы» атап, соңынан «Көкілташ» медресесі атанып, сан ғасырлар бойы бүкіл Орта Азия руханиятына қызмет еткен сол оқу орны дәстүрлі қазақ мұсылмандығына орнатылған ескерткіш ретінде Бұқара қаласында күні бүгінге дейін тұр. Бұл мысал қазақ халқының діни-ұлттық бірегейлігіне сынмен қарап, сына қаққысы келгендерге берілген тарихи жауап іспетті», – дейді ғалым.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

25. «Ломбард Прогресс» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 03.09.2025 жылы сағат 10:30-да Алматы қаласы, Төле би көшесі, 302-үй, 39-кеңсе (3-қабат) мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:
1-лот: Jeep GLADIATOR маркалы автокөлік, 2022 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 3,6 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 27 692 500 теңге; Аталған мүлік Алматы қаласы, Өтеген Батыр к-ші, 124/2 мекенжайында орналасқан. Сауда-саттыққа қатысу үшін сауда-саттық өткізілетін күнге дейін кемінде бір жұмыс күні өтінім беру және бастапқы құнының 10% мөлшерінде кепілдік жарна енгізу қажет. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 12:00-де аяқталады. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 302-үй, 39-кеңсе (3-қабат). Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді 3 (үш) күн ішінде «Ломбард Прогресс» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс. Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Д.Бабатайұлы көшесі, 214, анықтама телефоны: +77088313522, төлем реквизиттері: ИИК KZ7494806KZT2039190, «Еуразиялық банк» АҚ, БИК EURKZKA.

ӘРТҮРЛІ

8. Астана қаласы әкімдігінің «№102 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 240640029880) Астана қаласы әкімдігінің 15.08.2025 жылғы №107-2751 қаулысы негізінде Астана қаласы әкімдігінің «№102 жалпы білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құры жолымен заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, А.Байтұрсынов көшесі, 7-ғимарат, тел.8 7172 34 51 75.

11. «Жеке Фарм» ЖШС (БСН 940540001219) заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 106), «Sabiland» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 130440026816, Мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 12 ықшамаудан, 19-үй) қосылу арқылы қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосылатын ЖШС-нің барлық міндеттемелері мен құқықтары қабылдаушы ЖШС-ге өтеді. Кредиторлар осы хабарлама жарияланған күннен бастап алпыс күн ішінде талаптар қоюға құқылы. Жауапты тұлға: директор Жұмағалиев Р.М., тел.+7 701 555 46 41, gb@sabiland.kz.

12. «Талды – Екпін» ЖШС (БСН 040640002014) шығатын қатысушылардың үлесін өтеуіне байланысты өзінің кредиторлары мен мүдделі тұлғаларын жарғылық капиталдың азаюы туралы хабардар етеді. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Самар ауылы, Әлия Молдағұлова тұйық көшесі, 2-үй.

14. «БҚО әкімі аппаратының Шаруашылық басқармасы» ЖШС (БСН 010740002558) жарғылық капиталдың азаюы туралы хабарлайды. Шағымдар бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179-үй.

17. «Агрокешен БЕК» ЖШС (БСН 090340006848) шығатын қатысушылардың үлесін өтеуге байланысты өзінің кредиторлары мен мүдделі тұлғаларын жарғылық капиталдың азаюы туралы хабардар етеді. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Самар ауылы, Әлия Молдағұлова тұйық көшесі, 2-үй.

18. «Altyn Pack» ЖШС (БСН 190440002572) жарғылық капиталдың 50 000 000 (елу миллион) теңгеге дейін төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылдық округі, Кемертоған ауылы, 6-квартал, 1А құрылысы.

19. «Quarth and partners» ЖШС (БСН 140240019818) осымен жалғыз қатысушының 2025 жылғы 7 тамыздағы жарғылық капиталды азайту туралы қабылданған шешімі туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес кредиторлар осы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде өз талаптарын ұсынуға құқылы. Барлық шағымдар заңды мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау ауылы, 065 есеп орамы, 1090-ғимарат.

20. **Трихофития жұқпалы ауруынан сақтану Трихофитиядан сақ болыңыз!**
Жұқпалы тері ауруынан қалай сақтануға болады?
Трихофития – адам мен жануар терісінде саңырауқұлақтар арқылы пайда болатын жұқпалы тері ауруы. Ауру теріде, шашта және тырнақта пайда болып, қызарып, қабыршықтанып, қатты қышумен сипатталады.
Ауру қалай жұғады?
Трихофития көбінесе ауру адамнан немесе жануардан (мысық, ит, ірі қара, қой) тікелей жанасу арқылы жұғады. Сонымен қатар, науқастың пайдаланған тарағы, сүлгісі, киімі немесе төсек жабдықтары арқылы да таралуы мүмкін. Балалар мен әлсіреген иммунитеті бар адамдар ауруға тез шалдығады.
Салауатты өмір – таза теріден басталады!
Жұқпалы тері ауруларынан сақтану – әр адамның өз қолында. Гигиенаны сақтап, сергек өмір сүріп, айналыңыздағы адамдарға да осыны түсіндіру – денсаулық кепілі.

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының Түркістан қалалық дезинфекциялық секторының нұсқаушы дезинфекторы Ф.А.ТАСТАНОВА

21. «З.Хусанов» атындағы өндірістік кооператив мүшелерін түгендеу және реттеу мақсатында «жер үлесіне құқық жөніндегі куәлік» (көк қағаз) арқылы түгендеу жұмыстарын жүргізу мақсатында Шымкент қаласы Қаратау ауданы Бабур көшесі нөмерсіз үйде яғни өндірістік кооперативке қарасты қойманың әкімшілік ғимаратында 2025 жылдың 20 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін 9.00-ден 13.00-ге дейін түгендеу жұмыстары жүргізілетіні туралы хабарлайды. Сонымен қатар, әрбір өндірістік кооператив мүшелері өзімен бірге «жер үлесіне құқық жөніндегі куәлік» (көк қағаз) және жеке басын анықтайтын құжатты өзімен бірге әкелуі қажет. Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда +7 776 745 19 28 телефон нөмеріне хабарласуыңызды сұраймыз.

ЖОҒАЛТУ

9. Нотариус Тасқанбаева Дария Бакытовна куәландырып, Абай Тәттенбек және Ғайни Темірәліұлы арасында Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Шұғыла ықшамауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 14-үй, 8-корпус, 63-пәтер үшін жасалған жоғалған сатып алу-сату шарты жарамсыз деп саналсын.

22. «Талион» ЖШС (БСН 030840000925, Атырау қаласы) мәрінін жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

23. «Өндірістік-Технологиялық Жинақтау Басқармасы», (БСН 940540000092) АҚ Жарғысының түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ТАРАТУ

2. «Jasa карьера менеджмент мектебі» ЖШС (БСН 191040001641) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 17 шағын аудан, 73-үй, 31-пәтер, тел. +7 701 335 8106.

3. «VIPstatus» ЖШС (БСН 140740018124) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қарасу шағын ауданы, Черемушки 2 көшесі, №333-үй, 2-пәтер.

4. «Миф-2025» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 250340007731) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Аққұдық ауылдық округі, Аққұдық ауылы, Жеңіс көшесі, 12-үй.

6. «Азиятехснаб-7» ЖШС (БСН 070640007962) (Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, М.Яглинский көшесі, құрылыс 4А), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Түркістан көшесі, 8-281. Тел.+77012270669.

7. «Дубль II» ЖШС (БСН 940640000333) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 50-үй, 78-пәтер, тел. 8 701 378 3365.

10. «Бірлік» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 210340036540) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Ақжайық ауданы, Шабдаржап ауылы, Ж.Сембаев көшесі, 66-үй, тел. +7 771 849 03 69.

13. «Балқаш көпсалалы колледжі» жеке меншік мекемесі (БСН 070640009898) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Абай көшесі, 45-ғимарат.

16. «Айнабұлақ 2 ықшамауданы, 32/2 үй» меншік иелерінің бірлестігі (БСН 220940000186) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Айнабұлақ ықшамауданы, 32/2 үй, тел.8 775 338 36 90.

24. «Пострадавшим от финансовых пирамид» қоғамдық қоры (БСН 231240029074) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 29-құрылыс.

МҰРАГЕРЛІК

5. 20 қаңтар 2025 ж. қайтыс болған Примбетов Канат Сейлхановичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

15. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Нугманова Роза Юсуповна, 10.05.1959 жылы туылған, 31 наурыз 2025 ж. қайтыс болған аз. Узденбаев Султан Пигамовичке мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал ықшамауданы, 1/2 үй, 20-кеңсеге хабарласуларын сұрайды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ИП «Profy Agency.kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz
«КАИROS» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агентство ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 Фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-705306918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БІР МҮДДЕ

Құқықтық мемлекет болудың басты талабы – заңды бәрінен жоғары қоюмен өзектес десек қателеспейміз. Осы орайда Шымкент қаласында азаматтарға заң нормаларын түсіндіру, құқықтық мәдениетті арттыру бағытында түрлі кездесулер, семинарлар мен акциялар жиі ұйымдастырылып келеді.

Қоғамның құқық бұзушылыққа бейжай қарамауы – құқықтық мәдениеттің басты көрсеткіштерінің бірі. Шымкентте полиция қызметкерлері ұсақ құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтап, оған жол бермеу үшін арнайы рейд шараларын ұйымдастыруда. «Нөлдік төзімділік» саясаты тек жазалау ғана емес, ең әуелі алдын алу шараларымен тығыз байланысты. Тәртіпке салғырт қараған әрбір әрекетті дер кезінде тоқтату – қоғамдағы құқықтық мәдениетті нығайтудың бірден-бір жолы болмақ.

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Құқықтық сана тек қоғамдық тәртіпті сақтаумен шектелмейді. Ол қоршаған ортаға деген жауапкершілікті де қамтиды. Осы орайда Шымкент қаласында экологиялық бағыттағы «Таза қала» акциясы ерекше серпінмен қолға алынғанын атап өткен жөн. Полиция қызметкерлері абаттандыру қағидаларын бұзғандарды анықтау үшін заманауи технологияларды, оның ішінде дрондарды кеңінен қолданып келеді.

Мәселен, рейдтік іс-шаралар кезінде дрон көмегімен рұқсат етіл-



меген орындарға қоқыс тастаған жүк көліктері бірден анықталды. Заңсыз түрде қоқыс тастап кеткен құқық бұзушылар жедел түрде әкімшілік жауапкершілікке тартылып, тәртіптің үстемдігі қамтамасыз етілді.

Тәртіп сақшыларының айтуынша, дрондарды қолдану көп жағдайда көлікпен жүріп жетуге қолжетімсіз аймақтардағы экологиялық құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе қоғамның табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып қана қоймай, құқық бұзушыларға тегеурінді тосқауыл болары хақ. Полиция қызметкерлері қала тұрғындарын абаттандыру ережелерін қатаң сақтауға шақырып, тек бірлескен күшпен ғана тазалық пен тәртіпке қол жеткізуге болатынын тағы бір мәрте еске салды.

– Тазалық шараларына баса мән берілуі – халықты іс жүзінде өзі

тұрған аймақтың ластанбауына жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Сонымен қатар заң талаптарына сәйкес қатаң тәртіптік шаралардың жүзеге асырылуы қаланың шырайының кіріп, тазаруына оң ықпалын тигізеді. Бұл орайда тәртіп сақшылары елеулі жұмыстар атқарды, – дейді Шымкент қаласы полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ – ҚОҒАМ АБЫРОЙЫ

Құқықтық сана деңгейін көтерудің тағы бір маңызды бағыты – әйелдер құқығын қорғау десек қателеспейміз. Жуырда Шымкенттегі Пушкин атындағы қалалық әмбебап кітапханасында нәзік жандыларға арналған «ӘЙЕЛ. ҚҰҚЫҚ. ҚОРҒА-НЫС» атты бес күндік өзін-өзі қорғау курсының алғашқы сабағы өтті.

Бұл семинар-тренинг барысында қатысушыларға зорлық-зом-

былықтың түрлері мен салдары түсіндіріліп, медиация ұғымы және оның өмірлік маңызы жөнінде мол мәлімет берілді. Психолог, ағартушы, жеке кәсіпкер Алтынбек Срайылұлы Боранбек пен кәсіби медиатор, заңгер Айжан Өмірзаққызы арнайы дәрістер өткізіп, тыңдаушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етті.

Сонымен қатар қатысушыларға психологиялық қолдау көрсетіліп, шағын кофе-брейк ұйымдастырылды. Ал келесі күндері әйелдерге арналған өзін-өзі қорғау бойынша тәжірибелік сабақтар өткізіліп, нақты қорғану әдістерін үйретуге басымдық берілген. Мұндай бастама нәзік жандылардың құқықтық мәдениетін көтеріп қана қоймай, олардың өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне зор мүмкіндік тудырады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНА

Қоғамды жемқорлық индетінен қорғау да құқықтық сананы көтерудің негізгі бағыттарының бірі. Шымкентте бұл бағытта ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, ашық кездесулер мен жастарға арналған арнайы бағдарламалар кеңінен жүзеге асуда. Полиция қызметкерлерінің өздері үшін де жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – басты талап. Өйткені заңды қорғаушылардың әділдігі – қоғамның оларға деген сенімін нығайта түседі. Сондықтан да құқық қорғау органдары мен мүдделес мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар бүгінгі замана индетіне айналған жемқорлықтың тамырына балта шабуға бірлесіп әрекет етіп,

құқықтық тәрбие жұмысына жіті назар аударған.

«ҚАУІПСІЗ ЕЛ» – ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Бүгінде мемлекет көлемінде жүзеге асырылып жатқан «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы Шымкент қаласында да кеңінен қолдау тапқанын атап өткен жөн. Бұл жоба аясында қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында нақты жоспарлар жүзеге асуда. Заманауи технологияларды пайдалану, профилактикалық шараларды күшейту және тұрғындармен ашық диалог құру – жобаның басты тетіктеріне айналған.

P.S. Құқықтық сана – қоғамның мәдениеті мен өркениеттілігінің айнасы. Шымкент қаласында қолға алынып жатқан кешенді іс-шаралар – заң үстемдігін орнықтырып, әділеттілік пен тәртіпті берік орнатуға бағытталған жүйелі саясаттың жемісі. Яғни жоғарыда аталған қарапайым «Таза қала» акциясынан бастап, әйелдердің құқықтық сауатын арттыру курстарына дейінгі бастамалар – қоғамдағы әрбір азаматтың құқықтық мәдениетін көтеруге жол ашуда. Бұл – тек полиция мен мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екені даусыз. Құқықтық санасы биік ел ғана «Қауіпсіз қоғам» құра алады. Ал «Заң және тәртіп» қағидатына берік болған қоғамның болашағы да баянды болары сөзсіз.

Майра ТОҚАНОВА,
Шымкент қаласы

ВОЛОНТЕР

2023 жылы 18 желтоқсанда Нью-Йоркта Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Қазақстанның бастамасымен Орнықты даму мақсатында Халықаралық еріктілер жылы деп жариялаған қарарды қабылдаған еді. Бұл бастаманы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ мінберінен 2020 жылы Бас Ассамблеяның 75-сессиясының жалпы саяси пікірталастары барысында көтерген болатын. Қазақстан бұл қарарды пікірлес – Армения, Боливия, Германия, Кения және Кирибати аралдық мемлекетімен бірлесіп ұсынды. Соның нәтижесінде бұл құжаттың теңавторлығына БҰҰ-ға мүше 54 мемлекет қосылды.

Халықаралық еріктілер жылы атап өтіледі

Халықаралық жыл аясындағы іс-шаралар волонтерлік қозғалысқа ұлттық, аймақтық және жаһандық деңгейде қуатты серпін беріп, еріктілер қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және оны одан әрі дамытудың негізгі векторларын айқындауға үлес қосатын болады. Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда 2019 жыл – Жастар жылы, 2020 жыл – Еріктілер жылы болып жарияланған болатын. Сондай-ақ 2021-2023 жылдарға арналған волонтерлік қызметті дамытудың жол картасы қабылданды. Ал 2023 жылы 20-21 шілдеде Астанада Мемлекет басшысының, БҰҰ-ның жоғары лауазымды өкілдерінің және әлемнің 30-дан астам елінен келген волонтерлердің қатысуымен Халықаралық волонтерлер форумы ұйымдастырылды.

2016 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған «Волонтерлік қызмет туралы» заң бойынша волонтерлік қызмет – өтеусіз негізде жүзеге асырылатын, әлеуметтік бағыттағы ерікті, ерік қалауымен орындалатын қоғамдық пайдалы қызмет. Волонтерлік қызметті ұйымдастырушы –

волонтерлерді өзі дербес не волонтерлік ұйымдар арқылы тартатын орталық және жергілікті атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, өзге де ұйымдар, сондай-ақ жеке тұлғалар.

Волонтерлік қызметтің негізгі түрлеріне әлеуметтік көмек, халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарына, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларға көмек көрсетуге қатысу; дүлей зілзалалар, экологиялық, техногендік және басқа да апаттар, әлеуметтік шиеленістер, жазатайым оқиғалар салдарынан зардап шеккен адамдарға, құқық бұзушылық құрбандарына, босқындарға және шарасыздан қоныс аударушыларға, сондай-ақ сырттан жасалатын көмек пен қолдауға мұқтаж адамдардың өзге де санаттары мен топтарына көмек көрсетуге қатысу кіреді.

Осы ерікті шараларға жастардың ынта танытатыны қуантады. Бұл – Қазақстан жастарының жақсылыққа, жақсы істер жасауға құмар екенін көрсетсе керек.

Қ.ЕРМЕКОВА

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!

Соңғы жылдары отбасы тұрмыстық ортада зорлық-зомбылықтың көбеюі – қоғамның дамуына кедергі келтіретін өткір әлеуметтік дертке айналып отыр. Осы орайда Ақмола облысында тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресудің жаңа қадамдары бойынша жұмыс жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр. Әсіресе, құқық қорғау органдары, оның ішінде облыстық прокуратура тарапынан жүргізілген кешенді жұмыстар тиімді нәтижесін беріп келеді...

Биыл Ақмола облысында отбасылық-тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтар 62,9 пайызға дейін өскені байқалған. Яғни, нақты көрсеткіштің 54-тен 88-ге артқаны мәлім болды. Бір қарағанда, өсім үрейлі көрінуі де мүмкін. Алайда мұның астарында құқық қорғау жүйесінің күшеюі, яғни бұрын елеулі қалып келген істердің қылмыстық сипатқа ие болуы жатқанын да атап өткен ләзім. Себебі, 2024 жылы «ұрып-соғу» мен «денсаулыққа жеңіл зиян келтіру» баптары әкімшілік кодекстен қылмыстық кодекске ауыстырылды. Демек, бұрын тек айыппұлмен шектелген істер енді заң жүзінде әлдеқайда қатаң қарастырылмақ. Бұл – зорлық-зомбылыққа жол бермеудің мемлекет

тарапынан жасалған маңызды қадам десек артық айтқандық болмас.

Мәселенің өзектілігін ескере отырып, Ақмола облысының прокуратурасы арнайы Үйлестіру кеңесін өткізді. Кеңесте тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресудің тиімді тәсілдері талқыланып, бірқатар жүйелі шешімдер қабылданды. Атап айтқанда, жұмыссыз азаматтарды еңбекке тарту, алкогольизм мен нашқорлықтан зардап шегетіндерді уақытылы мәжбүрлі емдеуге жіберу, жәбірленушілерді қорғау мақсатында құқықбұзушыны оқшаулау алгоритмін енгізу сияқты түйткілді мәселелердің шешімін табуға бағытталған заңды әрекеттер жасалған еді.

Осылайша, Қылмыстық кодекстің 108-1 және 109-1-баптарына сәйкес (ұрып-соғу және денсаулыққа жеңіл зиян келтіру фактілері) сотқа дейінгі тергеу кезеңінде күдікті тұлға уақытша оқшауланатын болды. Бұл жәбірленушінің қауіпсіздігіне кепілдік беретін пәрменді қадам екенін атап өткен жөн.

Қоғамдағы зорлық-зомбылық фактілерінің басты себептерінің бірі – маскүнемдік екені белгілі. Осыған байланысты Ақмола облысының Жарқайың және Сандықтау аудандарындағы орталық ауруханаларда масаң күйде отбасының тыныштығын бұзған азаматтарға арналған айықтыру палаталары ашылған. Мұндай орталықтардың тәжірибесі өз нәтижесін беріп, біртіндеп өзге аудандарға да енгізіліп жатыр.



Ақмола облысында қолға алынған ерекше бастама – «Зиялы қауым» жобасы. Бұл – ұлтымыздың ғасырлар бойғы дәстүріне, ауыл ақсақалдарының өнегелі сөзіне негізделген әлеуметтік тәжірибе десек қателеспейміз.

Жоба аясында облыстың 20 ауданындағы 589 ауылда шамамен 300 мың тұрғын осы іске жұмылдырылған. Әр ауылда ақсақалдар арнайы комиссиялар арқылы құқық қорғау органдарымен бірлесіп, заң және тәртіп қағидаларына сәйкес қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өз үлестерін қосуда.

Бұл бастаманың нақты нәтижесі де көңіл қуантарлық. Тек соңғы бір жылда 589 ауылдың 98-інде бірде-бір қылмыс тіркелмегені осының айқын дәлелі. Сонымен қатар, 35 ауылда тұрғындар өз еркімен ішімдіктен толықтай бас тартқаны жұмыстың жемісі болуының айғағы. Бұл – ұлттық құндылықтарды қайта тіріліп, қоғамдағы рухани тәртіпті нығайтудың жарқын үлгісіне айналды.

Ақмола облысында қолға алынған тиімді тәжірибелер – отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жаңа парадигмасын қалыптастыруда. Заң қатаңдығы мен ұлттық дәстүрді үйлестіре отырып, билік пен халықтың ынтымақтасуының арқасында қоғамдағы тыныштық пен тәртіп нығая түскені байқалады.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЈАНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабилдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@zangazet.kz
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5922 дана
Апталық таралым 11844 дана
Тапсырыс №126 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31